

**Қазақстан Республикасында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қыркүйектегі № 983 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 7 ақпандағы № 101 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.02.2013 № 101 қаулысымен.**

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі мүдделі министрліктермен, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп, бағдарламада көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 2-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қаулысымен.**

3. Жауапты орталық және жергілікті органдар, ұлттық холдингтер, компаниялар және ұйымдар (келісім бойынша) - Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпаратты «Салалық бағдарламаларды әзірлеу және мониторингілеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 наурыздағы № 218 қаулысымен бекітілген Салалық бағдарламаларды әзірлеу және мониторингілеу ережесіне сәйкес берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешевке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2010 жылғы 29 қыркүйектегі  
№ 983 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама**

Астана, 2010 жыл

**Бағдарламаның паспорты**

**Ескерту. Бөлімге өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.20 № 834, 2012.10.31 № 1385 Қаулыларымен.**

Атауы Қазақстан Республикасында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама)

Әзірлеуге негіздеме Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама

Салалық бағдарламаны Қазақстан Республикасы Көлік және әзірлеуге және іске коммуникация министрлігі асыруға жауапты мемлекеттік орган

Мақсаттары Қазақстан Республикасының ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласын мынадай мақсатта дамытуға жағдай және тетіктер жасау: Қазақстан Республикасының ақпараттық қоғамға және инновациялық экономикаға көшуі; ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бәсекеге қабілетті экспортқа бағдарланған ұлттық секторын қалыптастыру.

Міндеттер Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді орындау қажет:

ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды  
жаңғырту және дамыту;  
цифрлық телерадио хабарларын таратуды дамыту;  
Интернет желісінің қазақстандық сегментін  
дамыту;  
бағдарламалық қамтамасыз етуді (бұдан әрі -  
БҚ) әзірлеу және ақпараттық-технологиялық  
қызметтер секторын дамыту;  
жоғары технологиялық жабдықтың отандық  
өндірісін дамыту;  
ақпараттық-коммуникациялар саласында білім  
беруді дамыту;  
электрондық қызметтерді және электрондық  
үкіметті дамыту.

Іске асыру мерзімдері  
(кезеңдері)

Бағдарламаны іске асыру 2010 - 2014  
жылдарға мынадай кезеңдер бойынша  
жоспарланды:

2010 - 2011: АКТ-саласын институттандыру және  
ұзақ мерзімді дамуға ресурстар жасау;  
2012 - 2014: АКТ әлеуетін бизнестің,  
мемлекеттің және қоғамның тиімді пайдалануы.

Нысаналы индикаторлар

«Қазақстан Республикасының ақпараттық қоғамға  
және инновациялық экономикаға көшуі» мақсаты  
бойынша:  
АКТ секторының ЖІӨ-дегі үлесі 2014 жылы-3,8%;  
телекоммуникациялардың жергілікті желілерін  
цифрландыру деңгейі - 100 %;  
Интернеттің тіркелген кеңжолақты  
қолжетімді желісі абоненттерінің тығыздығы -  
100 адамға 15  
ұялы байланыс абоненттерінің тығыздығы - 100  
адамға 135;  
халқының саны 1 000 және одан көп адамы бар  
барлық елді мекендерді ұтқыр байланыс  
қызметтерімен қамтамасыз ету;  
халықтың компьютерлік сауаттылығын 52 %-ға  
дейін арттыру;  
әлеуметтік мәні бар мемлекеттік қызметтерді  
100 % электрондық нысанға көшіруді қамтамасыз

е т у ;

Қазақстан халқын эфирлік цифрлық  
телехабарлармен қамту - 95 %;  
Қазақстанның аумағын спутниктік цифрлық  
телехабарлармен қамту - 100 %;  
пошта байланысының 560 ауылдық бөлімшелерін  
құру және жаңғырту;  
облыс орталықтары арасындағы, облыс  
орталықтары мен аудандардың арасындағы  
қарапайым жазбаша хат-хабарларды жіберудің  
бақылау мерзімдерін 1 күнге қысқарту.  
«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың  
бәсекеге қабілетті экспортқа бағытталған  
ұлттық секторын қалыптастыру» мақсаты

б о й ы н ш а :

ақпараттық технологиялар нарығының құрылымы:  
ақпараттық технологиялар нарығының жалпы  
көлеміндегі жергілікті қамтудың үлесі -  
к е м і н д е 32 % ;  
ақпараттық қызметтердегі жергілікті қамтудың  
ү л е с і - 80 % .  
ақпараттық-технологиялық қызметтердегі  
қазақстандық қамтудың үлесі - 80 %.

Қаржыландыру көздері  
мен көлемдері

Бағдарламаны 2010 - 2032 жылдары іске  
асыруға республикалық бюджетте көзделген  
жалпы шығындар мынаны құрайды:  
2010 жыл - 15 143 461 мың теңге  
2011 жыл - 20 269 874 мың теңге  
2012 жыл - 49 698 643 мың теңге  
2013 жыл - 46 876 580 мың теңге

Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті  
республикалық бюджеттен қосымша қаражат:  
2014 жыл - 58 352 148 мың теңге.

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі Қазақстан  
Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті  
қаржы жылдарына арналған республикалық және  
жергілікті бюджеттерді бекіткен кезде

нақтыланатын болады.

## Негізгі ұғымдар:

Ескерту. Кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.29 № 1644, 2012.10.31 № 1385 Қаулыларымен.

1) базистік телекоммуникациялар - ақпаратты шынайы уақытта тарататын коммуникациялық құралдарды қамтитын негізгі телекоммуникациялар (Basic Telecommunication) деп аталатындар;

2) бизнес-процесс (ISO-15704) - кәсіпорынның осы мақсатына немесе қалаған түпкілікті нәтижені алуды қамтамасыз ететін кәсіпорынның бір бөлігіне қол жеткізу үшін орындалуы мүмкін кәсіпорын қызметінің ішінара реттелген көптігі.

3) «электрондық үкіметтің» веб-порталы - «электрондық үкіметтің» барлық электрондық қызметтеріне және электрондық ақпараттық ресурстарына қол жетімділіктің бірыңғай нүктесін ұсынатын ақпараттық жүйе;

4) веб-сервис — құрылым жарияланымдар мүмкіндігінің серверлік құрауыштары мен іздеу мүмкіндігінің клиенттік қосымшаларына, осы сервистік құрауыштарды анықтауға арналған тетіктерді білдіреді. Бұл XML көмегімен жазылған технологиялар өзіне веб сервистердің сипаттау тілін (WSDL), әмбебап сипаттау, іздеу мен біріктіру (UDDI) және объектілерге қолжетімділіктің жай х а т т а м а с ы ( S O A P ) кіреді;

5) мемлекеттік қызмет - азаматтар мен ұйымдарға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әкімшілік рәсімдерді орындауға бағытталған мемлекеттік органдар көрсететін қызмет;

6) домен - Интернет желісінің сатылық аттар кеңістігі саласы. Домен доменнің атымен теңестіріледі. Аймақтар аттарын шартты түрде «ұйымдық» (COM - commercial (коммерциялық), ORG - organization (ұйым) және «географиялық» (RU - Интернет желісінің ресейлік кеңістікке тиесілілігі, KZ - Интернет желісінің қазақстандық кеңістікке тиесілілігі) деп бөлуге болады;

7) домендік есім (domain name) — мекенжай иесін сәйкестендіретін желілік қ о с ы л ы м н ы ң м е к е н - ж а ы ы ;

8) интернеттің ғаламдық желісінің қазақстандық сегментінің бірыңғай ақпараттық кеңістігі (Казнет) - бұл ашық технологиялар негізінде жұмыс істейтін ақпараттық ресурстар, оларды енгізу және пайдалану технологиялары, ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелері мен желілерінің, сондай-ақ ұйымдар мен азаматтардың ақпараттық өзара іс-қимылын және Интернеттің ғаламдық желісіне олардың ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін ұйымдық құрылымдар жиынтығы;

9) е-әкімдік - ақпараттық коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану жолымен азаматтар мен ұйымдарға қызмет көрсету ұсынуға бағытталған жергілікті атқарушы органдардың жұмыс істеу тетігі;

10) е-қызметтер - ақпаратты беру мен ұсынуды ақпараттық коммуникациялық технологиялар құралдарын пайдалана отырып нақты уақыт режимінде оны сұраған адамға (ұйымға) көрсетілетін қызметтер;

11) е-үкімет (электрондық үкімет) - азаматтардың конституциялық құқықтары мен еркіндігін қамтамасыз ету, үкіметтің халыққа көрсететін қызметтерінің сапасын жақсарту және мемлекеттік басқару тиімділігі арттыру мақсатында, заманауи ақпараттық-коммуникациялық құралдардың көмегімен іске асырылатын қоғамдық үдерістерді басқарудың негізгі субъектілерінің арасындағы жаңа өзара қатынастардың, тікелей және кері өзара байланыстардың ж ү й е с і ;

12) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) — ақпаратты оны пайдаланушының мүддесінде жинау, өңдеу, сақтау, тарату, айқындау және пайдалану мақсатында интеграцияланған әдістердің, өндірістік үдерістердің және бағдарламалық-техникалық құралдардың жиынтығы;

13) АКТ-сала, ақпараттық-коммуникациялық сала - АКТ негізінде өнімдер мен қызметтер өндірісімен байланысты қызмет түрлерімен кәсіпорындарды ш а р т т ы б і р і к т і р у ;

14) инвестициялау - табыс алу мақсатында капиталдың ұзақ мерзімді с а л ы м д а р ы ;

15) «электрондық үкіметтің» дайындық индексі - БҰҰ жүйесіндегі «электрондық үкіметтің» даму көрсеткіші және оның өзі дамудың үш көрсеткішінің жиынтығын білдіреді: көрсетілетін веб-қызметтер (the web measure Index), телекоммуникациялық инфрақұрылымдар (the telecommunication infrastructure index), адами капитал (the human capital index);

16) жүйені дамыту көрсеткіштері - пайдаланушылар тұрғысынан ақпаратты алудың қазіргі заманғы әдістері, ақпараттық ресурстардың жай-күйі, олардың қолжетімділігі, пайдалану, тиімділігіне қатысты инфрақұрылым мен қоғамның дайындығын сипаттайтын жүйенің даму көрсеткіштері;

17) интернет - оның элементтері TCP/IP хаттамасында негізделген бірыңғай мекенжайлық кеңістік арқылы бір-бірімен өзара байланысты көптеген ақпараттық және бизнес ресурстарға және электрондық поштаға қол жеткізу мүмкіндігін пайдаланушыларға ұсынатын ғаламдық ақпараттық жүйе;

18) интранет-қор - электрондық ақпараттық ресурс, ашық технологиялар негізінде жұмыс істейтін ақпараттық-телекоммуникациялық желі, оны жүргізу және/немесе пайдалану технологиясы, сондай-ақ ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін ұйымдық құрылым;

19) интернет — қызметкерлердің корпоративтік ақпараттық ресурстарға қолжетімділігін ұйымдастырудың жергілікті желі немесе ғаламдық желі бойынша қорғалған байланыстар арқылы қамтамасыз етуге және ішкі

корпоративтік ақпараттарды жүйелеуге, сақтауға әрі өңдеуге арналған және Интернет бағдарламалық өнімдері мен технологиясын пайдаланатын таратылған корпоративтік есептеу желісі;

20) ақпарат - адамдар, заттар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар және оларды беру нысанына қарамастан, үдерістер туралы мәлімет;

21) ақпараттық коммуникациялар — АКТ негізінде компьютерлік және телекоммуникациялық желілерді өзара өту (жуықтау) үдерісінде айналымға енгізілген және ақпаратты жасау мен оны кейіннен алмастыру үдерісіндегі ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың тығыз байланысын білдіретін термин;

22) ақпараттық толтыру (контент) — ақпараттық толтыру - мәтіндер, кестелер, мультимедиалар және өзге ақпараттық жүйені маңызды толтыруы. Ақпараттық толтырудың маңызды параметрлері оның көлемі, өзектілігі мен релеванттылығы болып табылады. Интернет желісіндегі ақпараттық толтыру гипермәтіндік белгі тілінің құралдарында веб-беттер түрінде ұйымдастырылады;

23) ақпараттық жүйе (АЖ) - ақпараттық үдерістерді іске асыруға арналған ақпараттық технологиялар, ақпараттық желілер және оларды бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету құралдары жиынтығы;

24) зияткерлік меншік - адамға уақытша берілген эксклюзивті материалдық емес құқықтардың барлығын білдіретін маркетингілік термин. Авторлық және аралас құқықтарға уақытша ие болу, тауарлық белгілерге арналған қолданыстағы куәліктерге және қолданыстағы патенттерге иелік ету;

25) ақпараттық технологиялар (ІТ) - ақпаратты өңдеумен және сақтаумен айналысатын адамдардың еңбегін тиімді ұйымдастыру әдістерін, есептегіш техниканы және адамдар мен өндірістік жабдықты, оның тәжірибелік қосымшаларын ұйымдастыру және олардың өзара әрекеттесу әдістерін зерттейтін өзара байланысты, ғылыми, технологиялық, инженерлік пәндер кешені, сондай-ақ осының бәрімен байланысты әлеуметтік, экономикалық және мәдени проблемалар;

26) ақпараттық инфрақұрылым - бұл ұйымдық құрылым және жиынтықтағы ақпараттық өзара іс-қимылдың құралы;

27) ІТ-инфрақұрылым - серверлік құрал-жабдық, желілік құрал-жабдық, ақпараттық жүйелер, бағдарламалар, желілік және жүйелік қызметтер кешенінен тұратын инфрақұрылым;

28) консалтинг — өз бизнесін оңтайландыруға мүдделі корпоративтік клиенттерге ұсынылатын кәсіптік қызметтер түрі (әдеттегідей, ақылы);

29) мониторинг — оларды бағалау, бақылау, болжау мақсатында объектілерді, құбылыстарды, үдерістердің жай-күйін арнайы ұйымдасқан жүйелі түрде қадағалау;

30) мораторий — белгілі мерзімге не тиісті талап түскенге дейін борыштық міндеттемелер бойынша төлемдердің мерзімін ұзарту;

31) ғылыми-зерттеу жұмыстары (ҒЗЖ) - зерттелетін объектілерге, құбылыстарға (үрдістерге) тән ерекшеліктерді, заңдылықтар мен заңдарды анықтау мақсатында қоршаған нақтылықты зерттеумен және алынған білімді тәжірибеде қолданумен байланысты қызмет;

32) кері байланыс — кем дегенде екі адам қатысатын нақты іс-әрекеттер, жағдайлар, даулы мәселелер туралы түсініктемелерді алу үдерісі;

33) он-лайн - «қосылған күйде тұрған» дегенді білдіретін ұғым. Ең алдымен байланыс режимінде көрсету үшін коммуникациялық жабдық қатынасында ғана пайдаланылды. Сондай-ақ - «Интернетте өтіп жатқан», «Интернетте қолданылатын» ;

34) төлем шлюзі - транзакциялық қызметтерді ұсынғанда төлемдерді жүзеге асыруға арналған ақпараттық жүйе;

35) резидент — толық көлемде ұлттық заңнамада таратылатын осы елде тіркелген заңды немесе жеке тұлға;

36) әлеуметтік желі - ұқсас мүдделері және/немесе қызметі бар адамдардан тұратын Интернетте қауымдастықтарды құруға бағытталған. Байланыс ішкі поштаның сервисі немесе хабарламалармен лездік алмасу арқылы жүзеге асырылады ;

37) стандарттау - нақты қолданылып жүрген және әлеуетті міндеттер қатынасында жалпыға ортақ, қайта-қайта өздігінен қолдануға арналған өнімге деген талаптарды ұтымды деңгейде реттеуге ережелер мен сипаттамаларды белгілеу жөніндегі қызмет түрлерінің бірі;

38) кедендік баж — кедендік тарифте көзделген ставкалар бойынша ұлттық шекара арқылы әкелінетін тауарлардан мемлекеттің өндіріп алатын салығы;

39) тренинг - қысқа мерзімді іс-шара немесе білім алуға, дағдыларды алуға, сондай-ақ осындай іс-шаралар қатысушыларын тәрбиелеуге бағытталған бірнеше іс-шаралар ;

40) хостинг — Интернет желісінде тұрақты орналасқан серверде ақпаратты физикалық орналастыруға арналған қызметтерді көрсету жөніндегі қызмет. Физикалық хостингті мынадай түрде тануға болады - хостинг-провайдердің телекоммуникациялық торап аумағына компьютерді физикалық орналастыру және Интернет желісіне компьютерді қосу және виртуалды түрде құрылған серверлерде компьютерді орналастыруды қамтамасыз ететін виртуалды хостинг;

41) мақсатты аудитория - мақсатты пайдаланушылар, келушілер, мамандар немесе кең ауқымдағы тұтынушылар тобы;

42) электрондық үкіметтің» шлюзі — электрондық қызметтерді жүзеге асыру шеңберінде «электрондық үкіметтің» ақпараттық жүйелерін интеграциялауға



арналған ақпараттық жүйе;

43) эквивалент - тең бағалы, тең мәнді немесе басқаларына қандай да бір қатынаста сәйкес келетін және оларға мәнер немесе алмасу қызметін атқаралатын зат немесе сан;

44) экстранет (Extranet) - компанияның қызметкерлері тәрізді, сол сияқты басқа компаниялардың уәкілетті пайдаланушыларымен жұмыс істейтіндердің корпоративтік порталдарын өрістетуде қолданылатын корпоративтік желі;

45) электрондық құжат айналымы - стандартталған нысанда компьютерлік бағдарламалар арасында құжаттарды электронды алмастыру;

46) электрондық коммерция - коммуникацияның электрондық құралдар көмегімен қолданыстағы байланыстар негізінде тауарлармен және (немесе) қызметтермен алмасуы. «Электрондық коммерция» ұғымы «электрондық сауда» ұғымына балама;

47) электрондық пошта - компьютерлік желілерде (деректерді беру желілерінде) ақпаратты беру тәсілі;

48) мемлекеттік қызмет көрсету стандарты - мемлекеттік қызметтің саны, сапасы және қол жетімділігі, жеке және заңды тұлғалармен өзара әрекеттесу тәртібі көрсеткіштерінің нормативті мәнін және орындауға міндетті, саны мен сапасы белгіленген мемлекеттік қызметтерді алуға жеке және заңды тұлғалардың құқығын қамтамасыз ететін өзге нормаларды белгілейтін нормативтік-құқықтық акті;

49) электрондық цифрлық қолтаңба - электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиістілігі мен мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандардың жиынтығы;

50) 3G - 3-ші ұрпақтың ұтқыр байланыс технологиясы;

51) 4G - 4-ші ұрпақтың ұтқыр байланыс технологиясы;

52) Advanced Television Systems Committee (ағылш. ATSC) - цифрлық теледидардың американдық стандарты;

53) Business to Business (ағылш. B2B) — заңды тұлғалардың бір біріне қызмет көрсетуі;

54) Business to city (ағылш. B2C) - заңды тұлғалардың азаматтарға қызмет көрсетуі;

55) CDMA (ағылш. Code Division Multiple Access) - кодтық бөлінісі бар көптік қолжетімділік технологиясы;

56) CDMA 1X EV-DO - CDMA2000 1x. EV-DO ұтқыр байланысы стандартын дамыту фазасы - EVolution Data Only-дан қысқарту. EV-DV (EVolution Data/Voice) эволюциясына қарағанда деректерді беру интерфейсіне ғана ұшырады, ал дауысты беру CDMA2000 1x пен CDMA One (IS-95a/b) толығымен ұқсас күйінде

қалды. EV-DO-дегі деректерді беру жылдамдығы (Rev.0) секундына 2,4 Мбит және (Rev.A) секундына 3,1 Мбитке жетеді;

57) Digital Video Broadcasting (ағылш. DVB) - DVB консорциумымен әзірленген және Телекоммуникациялық стандарттардың еуропалық институтымен стандартталған сандық теледидар стандарттарының отбасы;

58) Ethernet - физикалық деңгейде өткізу қосылымдары мен электрлік дабылдарын, кадрлар пішімі мен OSI моделінің арналық деңгейінде - ортаға қолжетімділікті басқару хаттамаларына анықтайтын стандарт;

59) High Speed Packet Access (ағылш. HSPA) - деректерді пакеттік беруде пайдаланылатын және WCDMA/UMTS ұтқыр желілеріне қондырма болып табылатын сымсыз кең жолақты радиобайланыс технологиясы;

60) Next Generation Network (ағылш. NGN) - сөйлеу, деректер мен мультимедияларды беру қызметтерін толық немесе ішінара біріктіруді қолдайтын оның өзегі тіректі IP-желісі болып табылатын байланыстың мультисервистік желісі;

61) Wideband Code Division Multiple Access (ағылш. WCDMA) - 3G қызметін қолдау мақсатында кең жолақты радио қолжетімділікті қамтамасыз етуге арналған ұялы байланыс операторларының көпшілігімен сайланған радиоинтерфейс технологиясы.

62) «электрондық үкімет» құрылымы - мемлекеттік органдар қызметінің автоматтандырылуын талдауды, оны жүзеге асыруға қажетті ақпаратты, ақпараттық жүйелерді және мемлекеттік органдардың ақпараттандырылуын дамытуға бағытталған іс-шараларды қамтитын құжаттар;

63) «электрондық үкімет» құрылымын дамыту саясаты - мемлекеттік органдардың ақпараттандыру үдерістерін біріздендіру мен жүйелендіруге бағытталған ЭҮ-ні дамытудың бірегей қағидаттары мен стандарттары;

64) «электрондық үкімет» құрылымының эталондық моделі - ЭҮ-ні іске асыруды бақылау, жоспарлау мен реттеу үшін қолданылатын және мемлекеттік органдардың қызметін автоматтандыру, сақталатын деректер, ЭҮ шеңберінде пайдалануға ұсынылатын үлгілік АКТ-құрауыштары, тұтастай ЭҮ-нің және жекелеген АКТ-құрауыштарының өнімділігін/тиімділігін бағалауға арналған көрсеткіштер жиынтығы туралы түсінік алуға мүмкіндік беретін басшылық әдістемелік құжаттар (жіктеуіштер);

65) «бұлыңғыр» есептеулер - компьютерлік ресурстар мен қуаттар пайдаланушыға веб-технологияларды қолдану арқылы берілетін деректерді үлестірілмелі өңдеу технологиясы;

66) IT-аутсорсинг - үшінші адамдарға электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді және ақпараттық-коммуникациялық желілерін дамыту, әзірлеу, енгізу, сүйемелдеу және жүйелік-техникалық қызмет көрсету жөніндегі

функцияларды толығымен немесе ішінара беру;

67) виртуалдандыру - әртүрлі есептеулерге арналған есептеу ресурстарының жиынтығын немесе олардың логикалық бірігуін ұсыну үдерісі;

68) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын ақпараттандырудың аутсорсингтік үлгісі (G-cloud) - IT - аутсорсинг, бұлыңғыр есептеулер мен виртуалдандыруды қолдануға негізделген үлгі;

69) мемлекеттік «бұлыңғыр» платформа - виртуалдандыру технологиясын пайдалану арқылы мемлекеттік органдардың есептеу ресурстарын ұсынуға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен.

## **2. Кіріспе**

Қазақстан Республикасында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама 2009 жылы «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясының XII кезектен тыс съезінде берілген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес әзірленген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның (бұдан әрі - ҮИИД МБ) бір бөлігі болып т а б ы л а д ы .

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласын дамыту «келешектегі экономика секторларын» дамыту шеңберінде ҮИИД МБ басымдықтарының бірі болып табылады, бұл Қазақстанның заманауи экономикасы үшін оның мәнін білдіреді.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында заманауи технологиялық деңгейде ҮИИД МБ шеңберінде алға қойылған мақсаттарды шешу жолдарын есепке алатын мемлекеттік стратегиялық және бағдарламалық құжаттар жоқ. Осыған байланысты Бағдарлама мемлекет пен бизнестің күш-жігерін біріктіру мақсатында Қазақстан Республикасында ақпараттық коммуникацияларды дамытудың 2010 — 2014 жылдарға арналған бірыңғай стратегиясын анықтайды.

Осы Бағдарламада ақпараттық коммуникациялар саласы телекоммуникация саласынан, пошта қызметтері, ақпараттық технологиялар саласынан тұратын Қазақстан экономикасының дербес секторы ретінде қарастырылады. Мұндай көзқарас әлем бойынша соңғы онжылдықта байқалған байланыс технологияларын өзара енгізумен, телерадиохабар және ақпараттық технологияларды таратумен негізделеді.

## **3. Ағымдағы жағдайды талдау**

### 3.1 Сала жағдайының ағымдағы ахуалын бағалау

#### 3.1.1 Телекоммуникациялар

Қазақстан Республикасының телекоммуникациялар саласы қазақстандық экономиканың, кәсіпорындардың жиынтық табысы 2009 жылы 438,4 млрд. теңгеге жеткен, өскелең сегменті болып табылады, бұл 2008 жылға қарағанда 8,3 %-ға көп. Сала табыстарының өсуі тұрғындар мен бизнестің ұсынылатын қызметтерге артушы қажеттілігін айқындайды.

Сала табыстарының құрылымындағы негізгі үлес ұялы байланыс қызметтеріне тиесілі - 244,8 млрд. теңге (55,8%). Сала табыстарының жалпы көлеміндегі басқа қызметтердің үлесі былайша бөлінген: қалааралық және халықаралық байланыс қызметтері - 51,5 млрд. теңге (11,7 %); жергілікті телефон байланысы - 31,3 млрд. теңге (7,1%); Интернет қызметтері - 43,6 млрд. теңге (10 %) және басқа да байланыс қызметтері - 67,2 млрд. теңге (15,4 %). Сала қызметтерінің 2009 жылдағы негізгі тұтынушысы корпоративті сектор болып табылады - 246,6 млрд. теңге (56,3%); тұрғындарға байланыс қызметтерін сатудан түсетін кірістер 191,8 млрд. теңгені құрады (43,7%), бұл 2008 жылға қарағанда 5,6 %-ға көп.

Соңғы жылдар бойы телекоммуникация саласының өсуінің негізгі катализаторы ұтқыр байланыс сегменті болды. 2010 жылдың басындағы жағдай бойынша Қазақстан аумағында әлемдегі неғұрлым кең таралған GSM 900/1800 және CDMA стандарттарын қолданумен төрт ұтқыр байланыс желісі құрылды. Сонымен қатар ұтқыр байланыс нарығының жоғары шоғырланған болып табылатындығын айта кеткен жөн: нарықтың 90 %-ы екі ірі оператор өзара бөлісіп отыр, нарықтың қалған қатысушыларының үлесіне кемінде 10 % тиеді.

2009 жылы ұтқыр байланыс абоненттерінің саны 14,9 млн. абонентті құрады, бұл әрбір 100 тұрғынға 95 абонент тығыздығына сәйкес келеді. 2005 жылдан бастап абоненттер өсімінің қарқыны біртіндеп төмендеуде (2005 жылы - 121 %, 2006 жылы - 45 %, 2007 жылы - 60,8 % және 2008 жылы - 16,9 %) және абоненттік базаның өсуі белсенді өсу сатысынан баяу өсу сатысына өтті. Осыған байланысты осы сегменттің ішінде бәсекелестік құрылымның өзгеруі: тарифтер негізіндегі бәсекеден ұтқыр байланыстың ұсынылатын қосымша қызметтерінің спектрі бойынша бәсекеге қарай өзгеруі байқалады.

2009 жылы бекітілген байланыс нарығы абоненттерінің саны 3,9 млн. абонентті құрады. 2009 жылы нарықтың жалпы көлемі 82,7 млрд. теңге мәніне жетті, бұл нарық көлемі 82,3 млрд. теңгені құраған 2008 жылмен салыстырғанда 0,5 % өсімді көрсетті.

Телекоммуникациялық нарықтың жалпы құрылымында Интернет және деректер тарату қызметтерінің үлесі соңғы 4 жылда азын-аулақ өзгерді және 2009 жылы 10 % шамасын құрады. Абсолютті көрсеткіштерде нарық көлемі 2009

жылы 43,6 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, берілген сектор ішіндегі табыстар құрылымы елеулі өзгерді. Интернет және IP-телефония қызметтері табыстарының үлесі елеулі өсті; арналарды жалға алу табыстарының үлесі төмендеді.

2009 жылы Интернет желісін тұтынушылардың саны, байланыс операторларының есептеріне сәйкес, 3,15 млн. тұтынушы мөлшерінен артты, бұл 100 тұрғынға 19,8 тұтынушы тығыздығына сәйкес келеді.

Соңғы жылдар ағымында құрамына ақылы теледидар, веб-хостинг, IP-телефония, телерадио бағдарламаларын тарату және телекоммуникациялардың басқа қызметтері кіретін телекоммуникациялардың қосымша қызметтері үдемелі дамып келеді. Байланыстың басқа қызметтері сегментінің жалпы көлемі 2009 жылы 67,2 млрд. теңгені құрады, бұл 2008 жылмен салыстырғанда 3,8 %-ға көбірек.

«Қазақтелеком» АҚ-ның экономикалық шоғырлануын төмендету мақсатында соңғы жылдары «Қазақтелеком» акционерлік қоғамымен аффилиирленген байланыс операторларында үлестерді (акцияларды) өткізу бойынша жұмыстар жүргізілді. 2010 жылы «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының «NEO» сауда маркасы бар «Мобайл Телеком-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұялы байланыс операторының жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 51 %-ын сату аяқталды және қалааралық және халықаралық телефон байланысының, сонымен қатар Интернет желісіне қол жетімділік қызметінің операторы болып табылатын «Нұрсат» акционерлік қоғамына үлесті өткізу жоспарланып жатыр.

Телерадио бағдарламаларды тарату қызметінің табысы 2009 жылы 13,2 млрд. теңгені құрады, бұл 2008 жылмен салыстырғанда 9,8 %-ға артқанын көрсетеді. Телерадио бағдарламаларын қалыптастыру тракты 215 электрондық бұқаралық ақпарат құралдарымен (БАҚ) ұсынылған. Орталық Азия, Орта Шығыс, Еуропа мен Солтүстік Африка елдерінің аумағында хабар таратуды жүзеге асыратын «Caspionet» спутниктік арнасы жұмыс істейді. Кабелді хабар таратудың 67 операторы және спутниктік хабар таратудың 2 операторы жұмыс істейді. Республикалық хабар таратумен ірі елді мекендердің - облыс және аудан орталықтарының тұрғындары ғана толық көлемде қамтылған. Ауылдық аумақтардың көпшілігі мемлекеттік телевизиялық арналардың (Қазақстан, Хабар, Ел арна) ғана хабар таратуымен қамтылған.

Телевизиялық және радио бағдарламаның республикалық желісінің жұмысын «Қазтелерадио» акционерлік қоғамы — республиканың эфирлік хабарлар тарату операторы іске асырады, ол барлық телевизиялық және радио бағдарламаларды таратуды іске асырады және республиканың халқын мынадай аса ірі жалпы ұлттық телевизиялық және радио бағдарламалармен қамтамасыз етеді: «Хабар» - 98,6 %; «Қазақстан» - 98,3 %; «Ел арна» - 87,4 %; «Бірінші арна Еуразия» - 86,8

%; Қазақ радиосы - 87,8 %; «Шалқар» радиосы - 46,2 %. Қалған жалпы республикалық телевизия және радио арналары халықты қамтудың төменірек көрсеткіштеріне ие.

### 3.1.2 Пошта байланысы

Пошта байланысы жоғары әлеуметтік маңызға ие және Қазақстан Республикасының ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының ажырамас бөлігі болып табылады.

Пошта байланысының қазақстандық саласы дамудың кішігірім қарқынын көрсетіп отыр: 2009 жыл ішінде «Қазпошта» акционерлік қоғамымен 13 млрд. теңге сомасындағы табыстар жиынтығы алынды, бұл 2008 жылдың көлемінен 6,4 %-ға кем. Пошта қызметін тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыру мен арттыру үшін жеткізу уақыты мен шығындарды қысқарту мақсатында пошта жөнелтілімдерін тасымалдаудың жаңа технологияларын үнемі енгізіп отыру қажет. Бекітілген Параметрлерге сәйкес пошта байланысының жалпыға қол жетімді қызметтері, жай жазбаша хат-хабарды жіберудің бақылау мерзімі мыналардан тұрады:

Астана, Алматы қалалары және күнделікті тікелей әуе, темір жол және автомобиль арқылы хабарлаулары бар облыс орталықтарының арасында - Д+3 (Д - бұл жай хат хабарды тарату, +3 - қабылдау кезінен жеткізгенге дейінгі пошталық жөнелтілімнің өту күні);

Астана, Алматы қалалары және тікелей әуе, темір жол және автомобильдік хабарлаулары бар облыс орталықтарының арасында аптасына 3 және одан да көп күн - Д + 4 ;

қалған облыс орталықтары арасында Д+6;  
осы облыстың облыс және аудан орталықтары және облыстың қала, аудан орталықтары арасында - Д+3;  
жергілікті пошта жөнелтілімдері - Д+1.

Қазіргі уақытта қолданыстағы пошта хат-хабарларын жіберудің бақылау мерзімдері бойынша сапа параметрлері төзімді. Бірақ тәуелсіздік алудан кейін басталған республиканың экономикасындағы негізгі өзгерістер, сондай-ақ ұсынылатын пошта қызметтері параметрлеріне жаңа әлемдік сапа стандартының пайда болуы Қоғамның пошта желісінде жаңғыртуды талап етеді. Байланыс саласындағы Өңірлік ынтымақтастықтың кезекті отырысында (ағымдағы жылы) Қазақстан бойынша 2012 жылға халықаралық пошта жөнелтілімдері үшін жаңа параметрлер - Д+5 талқыланды, бұл бүгінгі күні Қазақстанның пошта саласы үшін қиындық туғызады, ал бірқатар өңірлер үшін қолданыстағы желі және пайдаланатын көлік түрінде орындалмайтын міндет болып табылады.

Ауыл тұрғындарын қаржылық қызметтердің толық спектрімен қамту үшін, 2006 - 2010 жылдары банктік операцияларды ұсыну және қолма қол ақшаның

сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті, күрделі және техникалық жайлылық деңгейі бойынша ҚР Ұлттық Банкінің және Ішкі істер министрлігінің нормативті талаптарына сәйкес келетін, пошта байланысының 380 ауылдық бөлімшелері құрылды. Сондай-ақ 2005 жылдан 2009 жылға дейінгі кезеңде 8,5 мың бірліктен артық сандағы пошталық жабдықты жаңғырту жүргізілді, тозған автокөлік құралдарын ауыстыру жүзеге асырылды, заманауи пошталық вагондар сатып алынды (15 бірлік), хаттарды, сәлем саухаттарды және бандеролдарды жеткізу 69,2 %-ға артылды, кезеңдік баспаларға жазылу 23,7 %-ға артты, қаржы қызметтерінің көлемі 2,5 есе өсті, ауылдық жердегі Интернетке қоғамдық қол жетімділік пункттерінің желісі 115 бірлікке кеңейтілді, ауыл тұрғындарын пошта-қаржылық қызметтердің кеңейтілген ассортиментімен қамту 1,2 есе көбейтілді.

### **3.1.3 Ақпараттық технологиялар**

**Ескерту. 3.1.3-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қ а у л ы с ы м е н .**

Қазақстан Республикасындағы ақпараттық технологиялар секторы ұлттық экономиканың барынша серпінді дамып келе жатқан сегменттерінің бірі. Қалыптасқан макроэкономикалық жағдайға байланысты Қазақстандағы IT-нарығының жалпы көлемі, бағалаулар бойынша, 2009 жылы 90 млрд. теңгені құрады, бұл 2008 жылмен салыстырғанда 7%-ға төмен.

IT шығындарының құрылымы экономикасы дамыған елдер үшін сипатты болып табылады, яғни компьютерлік жабдықтардың үлесі БҚ және IT-қызметтері секторларының үлестерінен басым болады. 2009 жылғы компьютер жабдығына арналған шығындар шамамен 71 млрд. теңге, IT-қызметтері шығыны - 12,6 млрд. т е ण г е к ұ р а д ы .

IT-саласында қазақстандық кәсіпорындардың қалыптасуында ең маңызды фактор мемлекеттік саясат болып табылады. 2007 және 2008 жылдары елдің мемлекеттік органдарының ақпараттандыруға инвестициялық шығындары бағалау бойынша 15,1 және 17,7 млрд. теңгені құрады. Дағдарысқа қарамастан, мемлекет IT-қызметтері нарығында ірі тапсырыс беруші болып қалады. 2009 жылы бюджеттен IT инвестициялауға 18,8 млрд. теңге бөлінді. 2004-2010 жылдарда «электрондық үкіметті» (бұдан әрі - ЭҮ) қалыптастыру және дамыту бағдарламаларын іске асыру, БҰҰ дайындаған, электрондық үкіметке ғаламдық дайындық бойынша рейтингте Қазақстанға соңғы жылы, Ресейді (59-орын), Беларусь (64-орын) және Украинаны (54-орын) артта қалдырып, 81-орыннан 46-орынға көтерілуге мүмкіндік берді. АКТ және мемлекеттік ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды басқару облысында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу мақсатында 2008 жылы «Зерде» ұлттық ақпараттық-коммуникациялық холдингі» акционерлік қоғамы құрылды.

Ақпараттық технологиялар құрылымында үш ірі секторды көрсетуге болады: АТ-жабдықтарының өндірісі секторы, қорабтық (лицензиялық) бағдарламалық қамтамасыз ету секторы және ІТ-қызметтер секторы.

Қазақстанның ІТ-нарығы құрылымындағы өндіріс секторы және ІТ-жабдығын іске асыруда жалпы көлемінде басынқы болып табылады (79 %), ол компьютерлерге, қазақстандық қоғамды ақпараттандыру үдерісін сүйемелдейтін желілік және периферийлік компьютерлік жабдыққа сұраныстың жоғары екендігін көрсетеді. Осы сегментте жұмыс істейтін кәсіпорындардың жалпы түсімі 2009 жылы 71 млрд. теңге шамасына жетті. Сарапшылардың бағасы бойынша жергілікті қамтудың үлесі 2 млрд. теңгеден аспайды (2 % - ға жуық). Сектордың маңызды ерекшелігі оның импортқа тәуелділігі, ол микроэлектрондық құрушылардың жеке меншік өндірістік базасының болмауының салдары болып табылады.

Қазақстандық кәсіпорындар танымал халықаралық өндірушілердің компьютерлерін және сәйкесті жабдықтарын өткізумен, сонымен қатар жеке меншік сауда маркілерімен компьютерлерді жинау және өткізумен де айналысады. Қазақстандық өндірушілер БҚ сегментінде басым болып отыр (2008 жылғы сатылған компьютерлердің жалпы көлемінің 70%-дан астамы); бірақ ноутбуктер (0%) мен серверлер сегменттерінде біршама артта қалып келеді (14 % - д а н к е м ) .

Экономикалық бәсеңдеу және олармен байланысты бизнес пен халықтың сатып алу мүмкіндігінің төмендеуі БҚ нарығына маңызды әсер етеді. 2009 жылы БҚ сатылым көлемі 6,6 млрд. теңге сомасын құрайды, ол 2008 жылға салыстырғанда 13 %-ға кемуіне әкеледі. Қазақстанда БҚ нарығында шетел өндірушілерінің өнімі басымды орын алады. Қазақстандық компаниялардың үлесі лицензиялық БҚ нарығында маңызды емес (2 %-ға жуық).

Қазақстан Республикасындағы АТ-қызметтері нарығының көлемі 2009 жылы 12,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2008 жылмен салыстырғанда 8 %-ға төмендеуге сәйкес келеді. Сарапшылардың бағасы бойынша 2009 жылы ІТ-қызметтерін ұсыну секторында жергілікті қамтудың үлесі 30 % - дан артық емес.

### **3.2 Еліміздің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына саланың әсер етуі**

**Ескерту. 3.2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қ а у л ы с ы м е н .**

ҮИИД МБ шеңберінде, АКТ саласында жұмыс істейтін қазақстандық компаниялар маңызды міндеттерді шешуге қатысады: біріншіден, салалық жалпы қосымша құнның өсуі есебінен ұлттық ЖІӨ-нің а р т у ы ; екіншіден, заманауи телекоммуникациялық инфрақұрылымды құру және



ақпараттық технологияларды тиімді енгізу арқылы ұлттық экономиканың елеулетті секторларында еңбек өнімділігін арттыру; үшіншіден, телекоммуникациялық инфрақұрылымның негізінде шикізаттық емес салаларда кәсіпкерлікке жағдай жасау және ынталандыру арқылы инновациялық кәсіпорындар санын арттыру; төртіншіден, Қазақстанның ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы экспорттық бағытталған өндірістік және қызмет көрсетуші компанияларын құру және дамыту көмегімен шикізаттық емес экспорттың үлесін көбейту.

Сонымен қатар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи қоғамға әсер етуі экономикалық шеңбердің сыртына шығады. Көптеген дамыған және дамушы елдер мемлекеттік құрылымдар мен азаматтық қоғам институттарының жұмысын ғана емес, әлеуметтік саладағы, ғылым мен білім беруде, мәдениетте және адамдардың өмір салтындағы қатынастарды өзгертетін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытуды және таратуды өзімен ілестіретін зор артықшылықтарды толық көлемде ұғынды. Бұл мағынада, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар еліміздің дағдарыстан кейінгі әлемдегі тұрақты бәсекеге қабілеттілігін құру құралдары бірінің қызметін атқарады.

2009 жылы Интернет желісін пайдаланушылардың саны 3,15 миллионға жетті, оның 1,6 млн. кең жолақты интернет желісіне қол жеткізген пайдаланушылар. 2009 жылы қоғамды компьютерлендіру 100 адамға 12,7 компьютерлер санына жетті (2008 жылы 100 адамға 11,2 компьютерлер). 2009 жылы Қазақстан Республикасында тіркелген байланыс телефон желілерінің саны 3,7 млн. құрады. Бұл жердегі бекітілген желілердің тығыздығы 100 тұрғынға 24,2 желіні құрады. Ұялы байланыс абоненттерінің саны 15,0 млн. абонентті құрады, бұл 100 тұрғынға 95 абонент ұялы байланыс абоненттерінің тығыздығына сәйкес келеді. Қазақстан дерлік барлық көрсеткіштер бойынша экономикасы бәсекеге қабілетті және әртараптандырылған елдерден елеулі артта қалып отыр, бұл ақпараттық-коммуникациялық технологияларды бизнестің де, тұрғындардың да жеткіліксіз белсенді қолданатынын көрсетеді.

Осыған байланысты, Қазақстанның алдында АКТ-ны тұтынудың және қолданудың өсу қарқынын елеулі арттыру және елдің бәсекеге қабілеттілігін ұзақ мерзімді қамтамасыз ету мақсатында АКТ-ның жергілікті қамтуын арттыру міндеті тұр.

### **3.3 Күшті және әлсіз жақтарды, саланың (сектордың) мүмкіндіктерін және қауіптерін талдау**

**Ескерту. 3.3-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385**

**Қаулысымен.**

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>Телекоммуникациялық нарықтағы жоғары бәсеке Телекоммуникациялық инфрақұрылым саласындағы ірі жобаларды жүзеге асыру «Электрондық үкіметтің қызмет ететін инфрақұрылымы» Саланың даму орталығы ретінде арнайы экономикалық аймағының «Ақпараттық технологиялар паркі» («Алатау» АТП АЭА) «Алатау» болуы</p>	<p>3G, 4G технологияларының негізінде байланыс желілерін таратудағы артта қалушылық Телерадио хабарлар тарату кешенінің ескірген инфрақұрылымы Интернет желісіндегі қазақстандық контенттің дамымауы Ұсынылатын электрондық қызметтердің жеткіліксіз саны Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардағы импортқа жоғары тәуелділік Пошталық инфрақұрылымның негізгі қорларының тозуы Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жабдықтарының өндірісі саласында табысты кәсіпорындардың болмауы</p>
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<p>Интернетке кеңжолақты қол жетімділік қызметтеріне жоғары сұраныс Цифрлық хабар таратуға көшу мен байланысты жабдыққа сұраныс Шағын және орта бизнесті және инновацияларды дамыту құралдары ретінде Интернетті қолдану ҮИИД МБ жүзеге асыру шеңберінде ақпараттық-коммуникациялық қызметтерге және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жабдығына жоғары сұраныс Жабдықтың, БҚ-нің және ІТ-қызметтерінің отандық өндірушілері үшін Кедендік одақ шеңберінде өткізу нарықтарын кеңейту Электрондық сауда элементі ретінде пошта-логистикалық инфрақұрылымды дамыту Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мамандарына жоғары сұраныс</p>	<p>Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету және техникалық реттеу деңгейлерінің сәйкессіздігі ЖОО-ның және кәсіби білім беру деңгейінің талаптарына сәйкессіздігі БҚ-ны әзірлеу және ІТ-қызметтері саласындағы жергілікті қамтудың төмендеуі</p>

Күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қауіптерді талдау негізінде Бағдарлама шегінде мына міндеттер анықталды:

- 1) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды жаңғырту және дамыту;
- 2) цифрлық телерадио таралымды дамыту;
- 3) интернет желісінің қазақстандық сегментін дамыту;
- 4) электрондық қызметтер мен «электрондық үкіметті» дамыту;
- 5) бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және ІТ-қызметтерінің секторын дамыту;
- 6) жоғары технологиялық жабдықтың отандық өндірісін дамыту;
- 7) ақпараттық коммуникациялар саласында білім беруді дамыту.

**3.4 Тиісті саланы дамытудың негізгі проблемалары, үрдістері және алғышарттары**

**Ескерту. 3.4-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.29 № 1644 Қаулысымен.**

Ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялардың конвергенциясы келесіге тиесілі құқықтық базаны жетілдіру қажеттілігін анықтайды:  
конвергентті қызметтердің ұғымдық аппараты;  
интеграцияланған бизнестің шеңберінде қызметті лицензиялау;  
радиожиілікті, нөмірлік және жер ресурстарын қосқандағы қолданылатын ө н д і р і с т і к р е с у р с т а р .

Конвергенция жағдайларында байланыс операторлары мен нарықтың басқа да қатысушыларының қызметтерін мемлекеттік реттеудің ауқымын қайта бағалаудың қажеттілігін ескертетін ақпараттық коммуникация саласында желілер мен қызметтердің, реттеудің техникалық ұстанымнан экономикалық ұстанымға, сонымен қатар нарықтың жаңа сегменттеріне ауысудың айтарлықтай өзгеруі б о л а д ы .

Ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылым саласында негізгі проблемалар телекоммуникациялық желілерді цифрландырудың аяқталамағандығы болып табылады. Жаңа ұялы байланыс технологияларын енгізу, сондай-ақ ауылдық жерлерді телефондандыруды дамытудың бөгелуі, жаңа байланыс технологиялары күшті министрліктер мен ведомстволардың радиоэлектрондық құралдарының жиілік диапазонын қолданумен түсіндіріледі.

Жергілікті телефон байланысын дамыту көрсетілетін қызметтердің шығындылығымен бөгеледі, ол инвестициялық тартымдылықты жоғарылату мақсатында тарифтердің дәйекті өсуін талап етеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту үшін тежегіш факторы бас тарту төзімділігінің жоғары деңгейлі сауда есептегіш орталықтар нарығының дамымағандығы болып табылады.

Байланыс операторларының тең құқылы қол жетімділігі мақсатында әмбебап қызмет көрсету үлгісін, оның ішінде, байланыс операторларының Қазақстанның облыс орталықтарының шегінде телекоммуникациялардың әмбебап қызметтерін көрсетуге конкурстарды өткізуді, атап айтқанда, конкурсқа ұялы байланыс операторларының қатысу мүмкіндігін қарастыруды қайта қарау қажет.

Ұтқыр байланыс операторларының дамуы үшін 3G технологиясын енгізу үлкен мәнге ие. Алматы және Астана қалаларында 2008 жыл ішінде ұялы байланыс операторларымен 1920-1980/2110-2170 МГц жиілігі диапазонында 30 стандартты ұялы байланыс жабдығын тестілеу бойынша пилотты жобалар сәтті ө т к і з і л д і .

4G оның ішінде, LTE технологиялары бойынша кеңжолақты байланысты енгізу үлкен әлеуетке ие.

Қазақстанда Интернет желісінің технологиялық инфрақұрылымын дамыту

дамыған елдермен салыстырғанда артта қалып отыр. Халықаралық электрбайланысы одағының мәліметтеріне сәйкес, электрондық сауда саласындағы операциялар барысында қауіпсіз қосылуды пайдаланатын серверлер саны 2008 жылы Қазақстанда 1 млн. халыққа 3,5 серверді құрады, ал дамыған елдерде бұл индикатор 500 бен 1000 аралығында ауытқиды: Кореяда - 500-ден астам, Ұлыбританияда - 750-ден астам және АҚШ-та 1 млн. халыққа 1000 серверден келеді.

Қазақстандық телерадио таратылымның алдында тұрған көкейкесті міндет цифрлық технологияларға көшу арқылы телерадио хабарларын таратудың бүкіл ұлттық желісін жаңғырту болып табылады. Халықаралық электр байланысы одағымен ұйымдастырылған, Жердегі радиохабарлау қызметін жоспарлау аймақтық конференциясы шегінде, 2006 жылы «Женева-06» келісіміне қол қойылды, ол сандық хабар таратудың жиілікті бөліністерінің (мақсаттарының) жоспарын анықтады. Осы құжатпен 2015 жылы, құрамына Қазақстан Республикасы да кіретін келісімге қатысушы елдер үшін цифрлық хабарлар таратуға көшудің соңғы мерзімі анықталды.

Ақпараттық технологиялардың екпінді дамуы, коммуникацияның және ақпарат берудің жаңа құралдарының пайда болуы пошталық алмасудың (әсіресе іскерлік хат-хабардың) бірден төмендеуіне алып келді. Пошта операторларының қаржылық жағдайының нашарлауы сапаның төмендеуін, пошташылар еңбегінің ынтасыздануын және тұрғындардың ақпаратқа қол жетімділігінің шектелуін т у ғ ы з д ы .

«Қазпошта» акционерлік қоғамы магистралды бағыттарда жолаушыларды тасымалдау поездары құрамына тіркелетін және сол бағытта жүретін пошта вагондарын пайдаланады. Өзінің поездар қозғалысы технологиясы мен қауіпсіздігіне сәйкес оператор-тасымалдаушы аялдамалар және уақыт бойынша (кету, келу және поездардың тұрағы) регламент белгілейді, яғни «Қазпошта» акционерлік қоғамы поездар қозғалысы кестесіне тәуелді. Бұдан басқа, вокзалдар мен станциялардың инфрақұрылымы (перрондар, пандустар, жолдар) ең алдымен жол жүру бойынша пошта жүктерін тиеу және түсіруге емес, жолаушыларды қабылдау және отырғызуға бейімделген.

Сондай-ақ, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің күрделі және техникалық жайластыру деңгейі бойынша (күзет және өртке қарсы қауіпсіздік жүйелерімен жабдықтау, техникалық нығайту, температуралық режим) нормативтік талаптарға сәйкес еместіктер ретінде 86% ауылдың пошта байланысы бөлімшелерін толық қайта жабдықтау мәселесі өткір тұр.

Бүгінгі күні жүйелердің көпшілігі өнеркәсіптік режимде жұмыс істейді, кейбір АЖ электронды түрде қызметтер көрсету үшін баламасыз негізде

қ о л д а н ы л а д ы .

IT-қызметтерді сапалы ұсынуды қамтамасыз ету үшін мыналардың болуы қ а ж е т :

1) тосын оқиғалар мен проблемаларды басқару үдерісімен ықпалдастырылған жүйелердің жұмысқа қабілеттілігін басқарудың және мониторингілеудің кешенді ж ү й е с і ;

2) пайдаланушыларды консультациялық қолдау (Call-орталық).

Есептеу орталықтары инфрақұрылымының ағымдағы жай-күйіне қатысты көптеген мемлекеттік органдардың серверлік үй-жайлары қазіргі уақытта температуралық режим, энергиямен жабдықтау, жабдықты резервте сақтау әрі ұлттық және халықаралық стандарттарда (ӨҚЕ, ҚР ҚНЖЕ, Басмемэнергияқадағалау ЭҚЕ, МЕМСТ, ANSI/TIA/EIA) сипатталған байланыс арналарына қойылатын талаптар сияқты тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес келмейтінін атап өту қажет. Осыған байланысты аталған үй-жайлар АЖ-ның істен шығуға төзімділігіне, өнімділігіне және ұсынылатын IT-қызметтер сапасына қойылатын талаптарды тиісті дәрежеде қ а м т а м а с ы з е т е а л м а й д ы .

Азаматтар мен бизнес тарапынан ақпараттық технологияларға ішкі сұраныстың төмендігі отандық компаниялар дамуының тежеуші факторы болып табылады. Тұрғындар арасында Интернетке кеңжолақты қол жетімділіктің төмен енуі, қазақстандық веб-қорлар санының аздығы және Интернет желісінің қазақстандық сегментінде түп нұсқалық контенттің болмауы электрондық бизнеске және электрондық саудаға қатысында бизнестің инвестициялық белсенділігін төмендетеді.

Жоғары технологиялық құрылғыларды өндірудің және сатудың қазақстандық секторында сауда нарығының бейнесі бар, яғни сектордың қазақстандық компаниялары зияткерлік өнімдер мен инновациялық технологияларды құруға қатыспайды, олар клиенттерге негізінде тек дайын тауарларды іске асыруға жинақталған. Осыған байланысты, экономикалық белсенділіктің төмендеуі жағдайында сектордың негізгі мәселелері басқа сауда салаларының мәселелерімен сәйкес келеді — халық пен бизнестің сатып алу мүмкіндігінің төмендеуі, мемлекеттік сатып алулардың қысқаруы, бизнесті жүргізу бойынша жоғары үстеме шығындар.

Жоғары технологиялық тауарларды меншікті өндірудің болмауында баж салығы ішкі өндірушіні қорғау қызметін атқармайды, ол тек соңғы тұтынушы үшін есептегіш техника құнын өсіреді.

Дербес компьютерлерді жинақтау мен сатудан жоғары технологиялық тауарлар мен микроэлектроника саласындағы табысты қызметке көшу табысты салалық тәжірибе мен дәстүрдің; меншікті ғылыми-техникалық базаның;

маманданған еңбек ресурстарының (техникалық мамандардың, инженерлердің, жаңа өнімдерді әзірлеуге қабілеті бар ғылыми қызметкерлердің); және халықаралық өткізу арналарына (дистрибьютерлік желілерге) қол жетімділіктің жоқтығымен тежеледі.

Мамандар көрсеткен басқа мәселелердің ішінде инновациялық құрылымдарды коммерцияландыру жөнге салынған тетігінің жоқтығын, венчурлық капиталға қол жеткізудің қиындығын, қазақстандық нарықтың аз сыйымдылығын, тұрақсыз кедендік және фискалді саясатты бөліп көрсетуге болады. Сектор дамуының тежеуші факторы Жоғары технологиялық тауарлар мен микроэлектроника ірі өндірушілерінің жақын орналасуы болып табылады (ҚХР, Ресей).

Бүгінгі күні нарықта сұранысқа ие өнімді өндіруді дамыту және «Алатау» АТП АЭА негізінде жоғары технологиялық компанияларды жайғастыру әлеуеті іске аспаған. Инфрақұрылымның, электр энергетикасының, сумен қамтамасыз ету құрылысының аяқталмағандығы және әлеуетті қатысушылар үшін жоғары жалдау ақысы «Алатау» АТП АЭА дамуына тосқауылдар болып табылады. Аймақта оқу және ғылыми-өндірістік ғимараттарды орналастыру мәселесі шешілген жоқ. Жоғары технологиялық әлеуметтік-экономикалық аймақтарды дамытуда жемісті тәжірибесі бар шетелдік компаниялар «Алатау» АТП АЭА-н басқаруға қатыстырылған жоқ.

Ақпараттық технологиялар саласындағы қазақстандық компаниялар үшін жоғары мамандандырылған мамандардың жетіспеушілігі өзекті мәселе болып саналады. 2008 жылы мамандардың бағалауы бойынша IT-мамандарының сұранысы жартылай қанағаттандырылды. Сұраныс іргелес салалардан мамандарды тарту және оларды жұмыс берушілер есебінен оқытумен жартылай қанағаттандырылады. Саладағы кадрлардың жетіспеушілігі ақпараттық технологиялар саласындағы жалақысы еңбек өнімінен асып кетті, ол саланың сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта ЭҮ-ні толыққанды дамытуға кедергі келтіретін бірқатар проблемалық мәселелердің бар екенін атап өту қажет:

1) ақпараттандыру саласында қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру бөлігінде:

мемлекеттік органдар функцияларының бекітілген тізбесінің болмауы, бұл мемлекеттік органдардың қызметін кезең-кезеңімен автоматтандыруды және электрондық қызметтерді іске асыруды жүйелеуге әрі жүргізуге, сондай-ақ үлгілік шешімдерді енгізу үшін кандидат үдерістерді анықтауға мүмкіндік береді ;

ұлттық заңнамада сұраулар мен қажетті құжаттарды электрондық түрде ұсынуды шектейтін, өтінім беру/мемлекеттік қызмет нәтижесін алу кезінде

алушының жеке өзінің қатысуын талап ететін нормалардың болуы;  
электрондық түрдегі қағаз құжаттарының көшірмелерінің түпнұсқалығын  
растау мен куәландыруды регламенттейтін және мемлекеттік органдармен өзара  
іс-қимыл жасаудың дәстүрлі нысандарына ұқсас мемлекеттік қызметтерді алуға  
өтінім беру кезінде электрондық құжаттардың деректерін ұсынуға мүмкіндік  
беретін нормативтік-құқықтық базалардың болмауы;

жария ақпараттың ашықтығын және осы ақпаратқа электрондық түрде қол  
жеткізуге қойылатын талаптарды регламенттейтін нормативтік-құқықтық базаны  
жетілдіру қажеттігі;

2) ақпараттандыруды жүргізу және ЭҮ-ні дамыту үдерістерін ретке келтіру  
бөлігінде:

ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді есепке алу және тіркеу  
жөніндегі талаптарды мемлекеттік органдардың сақтамауы салдарынан ЭҮ-нің  
ағымдағы жай-күйін тұтастай мұқият пайымдаудың болмауы, бұл әртүрлі  
мемлекеттік органдарда қаржы шығындарын, ақпараттық жүйелердің  
функционалдық мүмкіндіктерін, деректері мен құрауыштарын қайталауға әкеп  
соқтырады;

орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар арасындағы  
үдерістерді автоматтандырудың, IT-инфрақұрылымын дамытудың және іске  
асырылған бағдарламалық шешімдер сапасының деңгейі бойынша алшақтық;

мемлекеттік ақпараттық жүйелердің ЭҮ құрауыштарымен үйлесімділігі мен  
ықпалдасуын қамтамасыз ету жөніндегі жалпы талаптардың болмауы;

3) мемлекеттік органдардың электрондық мемлекеттік қызметтерді ұсынуға  
өзірлігі бөлігінде:

іске асырылатын IT-жобалар бағытының шектеулі ведомстволық сипаты  
медиа-үзіліссіз электрондық мемлекеттік қызметтерді ұсыну жөніндегі  
үдерістерді толыққанды автоматтандыруды жүргізуге мүмкіндік бермейді;

мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша мемлекеттік органдардың өзара  
іс-қимыл жасау тетіктерінің болмауы, бұл басқа МО дерек қорында бар  
ақпаратты азаматтар мен ұйымдардан қайта сұратуға әкеп соқтырады;

ведомстволық есептік ақпараттық жүйелердің толық толтырылмауы немесе  
мүлдем болмауы әлеуметтік маңызы бар қызметтерді электрондық форматта іске  
асыруға мүмкіндік бермейді;

мемлекеттік қызметтерді ұсыну үшін орталықтандырылмаған мемлекеттік  
интернет-ресурстарды құру пайдаланушылардың жұмыс істеу қолайлылығын  
төмендетеді және электрондық форматта мемлекеттік қызметтерді  
пайдаланушылармен өзара іс-қимыл жасау шеңберінде бір терезе қағидатын  
қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді;

мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін орналастырылатын ақпаратпен

мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын қол жетімділікті қамтамасыз ететін тетіктердің болмауы;

4) ЭҮ инфрақұрылымын дамыту бөлігінде: бейінді емес бағыттардағы қызметтер бойынша мемлекеттік органдардың үлгілік және қораптық БҚ-ны сүйемелдеуге, серверлік жабдыққа техникалық қызмет көрсетуге және ведомстволық серверлік орталықтарды ұстауға шығындарды қайталау;

ЭҮ инфрақұрылымын және қол жетімділік арналарын, атап айтқанда аудандар мен селолық аумақтарда асинхронды дамыту, бұл өз кезегінде ЭҮ енгізуге кедергі келтіреді және тежейді.

Бұл проблемалардың кешенді сипаты бар және оларды жою үшін орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың үйлестірілген түрде бірлесіп жұмыс істеуін талап етеді.

### **3.5 Саланың дамуын мемлекеттік реттеудің қолданыстағы саясатын талдау**

**Ескерту. 3.5-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қаулысымен.**

Қазақстандық тұрғындардың, бизнестің және мемлекеттік органдардың арасында 1995 жылдан 2009 жыл аралығында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданудың белсенді өсуі саланы мемлекеттік реттеу қажеттілігіне алып келді. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының ақпараттық коммуникациялар саласындағы нормативтік-құқықтық базасы жетілдірілді және келесі нормативтік-құқықтық актілер қабылданды:

«Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігі тұжырымдамасы және оны іске асыру бойынша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 шілдедегі № 715 қаулысы;

«Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңы;

«Пошта туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңы;

«Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңы;

«Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы;

«Қазақстанның үдемелі өндірістік-инновациялық дамуы жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күшінің жойылғанын тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығы;

«Қазақстан Республикасының телекоммуникация саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы



Үкіметінің 2006 жылғы 7 маусымдағы № 519 қаулысы.

2003 жылдың шілдесінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті таратылды және Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі құрылды.

2004 жылдың 6 сәуірінде Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің қолдауымен коммерциялық емес ұйым - IT-компаниялардың Қазақстандық қауымдастығы құрылды.

Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі 2010 жылғы наурызда Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі болып қайта құрылды.

2012 жылғы қаңтарда байланыс, ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру саласындағы функциялары мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне бере отырып, Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі таратылды.

Сөйтіп, қазіргі уақытта, Қазақстан Республикасында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қызметтері мен тауарларының дамуын және қызмет етуін, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың тұтынушылары мен жеткізушілері мүдделерінің теңдігін қамтамасыз ететін, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын нормативтік-құқықтық және техникалық реттеу жүйесі қалыптасты.

Сонымен қатар, нарықты құқықтық реттеудің қолданыстағы жүйесі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар дамуының заманауи деңгейінен бір қатар бағыттар бойынша артта қалып отыр, бұл ақпараттық-коммуникациялық нарықтың дамуының тежелу қаупін тудырады және мынадай мәселелер бойынша қосымша қағида шығармашылық жұмыс өткізуді талап етеді:

1. Ақпараттық-коммуникациялық және пошталық инфрақұрылым саласында:
  - 1) радиожілік спектрді қолдану үшін жылдық төлемді есептеу;
  - 2) қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларының арасында трафикті қосу және өткізу тарифтерін есептеу;
  - 3) IP-телефония (Интернет-телефония) операторларының телефондық трафигін қосу және өткізу тарифтерін есептеу;
  - 4) байланыс операторларының қолданысына телефондық канализацияны ұсыну бойынша қызметтерге тарифтерді есептеу;
  - 5) ұялы байланыс операторларының, бекітілген және ұялы байланыс операторларының арасында өзара есептесулерді есепке алумен байланыс операторларының трафикті қосу және өткізу тарифтерін есептеу;
  - 6) телекоммуникациялар желілерін ортақ пайдаланылатын

телекоммуникациялары желісіне қосу және Қазақстан Республикасының жалпылама қолданыстағы телекоммуникациялар желісі бойынша трафикті өткізуді реттеу;

7) телекоммуникациялар және пошта байланысы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтерінің тарифтерін (бағаларын, жинақ мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін көтеру немесе түсіру;

8) телекоммуникациялар және пошта байланысы саласында табиғи монополиялар субъектілерінің өзге қызметпен айналысуға келісім беру туралы қолдауларды ұсыну және қарастыру;

9) телекоммуникациялар және пошта байланысы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) бекіткенде қолданылатын шығындарды қалыптастыру;

10) телекоммуникациялардың әмбебап қызметтеріне тарифтерді бекіту;

11) қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторын таңдау мүмкіндігін абоненттерге (телекоммуникациялардың қалалық және ауылдық желілерінің) ұсыну бойынша техникалық шешімдерді бекітуді қосқанда, қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының байланыс қызметтерін тұтынушылардың таңдау құқығын қамтамасыз ету үшін қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысы операторларының өз арасында және телекоммуникациялардың бекітілген және ұялы желілері операторларымен өзара әрекет ету тәртібі;

12) **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.07.20 № 834 Қаулысымен.**

13) ақпараттық-коммуникациялық және пошта инфрақұрылымы саласының стандарттар базасын қалыптастыру.

2. Цифрлық телерадио хабарларын таратуды реттеу саласында:

1) «Телерадио хабарларын тарату туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын дайындау;

2) эфирлік таратудың цифрлық стандарттарына көшу есебімен теледидарлық және/немесе радио хабарларын таратуды ұйымдастыру бойынша қызметті реттеу;

3) DVB стандартын радиожіліктік беруді халықаралық үйлестірумен Қазақстан Республикасында эфирлік цифрлық хабарлар таратудың жердегі желісін, жиілікті-аумақтық жоспарлау;

4) еркін қолжетімді теле-, радиоарналар тізбесін бекіту.

3. Қазнетті реттеу саласында:

1) электрондық ақшалар мен электрондық коммерция саласында;

2) Интернеттегі зияткерлік меншікті және авторлық құқықты қорғау, дербес

мәліметтерді, оның ішінде биометрикалық дербес мәліметтерді қорғау;

3) Интернеттің жұмыс істеуіне байланысты бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық қатынастарын және қызметін реттеу.

4. БҚ-ны әзірлеу және ІТ-қызметтері секторын дамыту саласында:

1) мемлекеттік органдар мен ұлттық холдингтердің ІТ-жобаларын жергілікті қамтудың жоғары үлесі және компьютерлік, телекоммуникациялық және отандық өндірістің басқа жоғары технологиялық жабдықтарын айрықша сатып алу бар отандық ІТ-кәсіпорындардың іске асыру әлеуеттілігін қамтамасыз етуі;

2) халыққа және бизнеске электрондық қызметтерді көрсету саласындағы, келешекте коммерциялық берілімі бар ІТ-жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік-жеке меншік әріптестік қағидаттарын анықтау;

3) конкурстардың жеңімпаздарын анықтағанда сапа критерийлерінің мәнін, қызметтік толықтығын, жаңашылдығын, иелік етудің жиынтық құнын арттыру;

4) мемлекеттік секторда үлкен және күрделі ақпараттық жүйелерді құрғанда көпжылдық келісім-шарттарды жасасу (3 жылдық мерзімнен артық емес);

5) мемлекет 100% қатысатын мемлекеттік органдар мен компанияларға ұсынылатын ІТ-қызметтерді сауда нарығына аутсорсингке шығару;

6) жеке сектормен қамтылған қызмет түрлерін болдырмау мақсатында жарғылық құжаттарды мемлекеттік ІТ-кәсіпорындардың қызметтері түрлерінің заңнамасымен сәйкес келтіру үшін ұсыныстар әзірлеу;

7) мемлекет 100% қатысатын акционерлік қоғамдар мен ЖШС-ге жеке сектормен қамтылған қызмет түрлерін іске асыру бойынша құзырет беру тиімділігі жөніндегі қолданыстағы заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу;

8) Қазақстанға кіру және біліктілігі жоғары шетелдік ІТ-мамандарды жұмысқа қабылдау ережелерін оңайлату;

9) қазақстандық несиелерді шетелдік мемлекеттерге ұсыну кезінде тапсырыстарды алу бойынша экспортқа жұмыс істейтін отандық ІТ-компанияларды қолдау;

10) шетелдік компанияларға ірі тапсырыстарды ұсынғанда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жобаларына офсеттік мәмілелерді іске асыру.

5. Қазақстан Республикасының аумағында жоғары технологиялық жабдықты өндіруді дамыту саласында:

компьютерлік-коммуникациялық жабдықтың және бағдарламалық қамтамасыз етудің отандық өндірушілері үшін тапсырыстардың ұзақ мерзімді портфелін қалыптастыру.

6. Ақпараттық коммуникациялар саласында білім беру аясында:

1) кәсіптік анықтамалыққа өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

2) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын жетілдіру.

7. Электрондық қызметтер мен ЭҮ саласында:

1) мемлекеттік органдардың олардың құзыретіне кіретін электрондық мемлекеттік қызметтерді көрсетуін қамтамасыз ету мерзімдерін әзірлеу және б е к і т у ;

2) электрондық мемлекеттік қызметтерді ұсыну стандарттарын сипаттау бөлігінде «Мемлекеттік қызметтің типтік стандартына» өзгерістер;

3) электрондық мемлекеттік қызметтердің типтік регламенті;

4) электрондық мемлекеттік қызметтердің регламенттері;

5) орталық және жергілікті атқарушы органдар порталдарының контентін қолдау процестерін регламенттеу;

6) азаматтық хал-ахуал актілерінің жазбаларын, азаматтық хал-ахуал актілерінің жазбаларын тіркеу кітаптарының нысандарын және аталған кітаптардағы жазбалар мен Қазақстан Республикасында азаматтық хал-ахуал актілерін тіркеу негізінде берілетін куәлік нысандарын өзгертуге, қалпына келтіруге және жоюға өтініштерді электрондық түрде беру;

7) Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу;

8) әскери міндеттілік және әскери қызметке қатысты бірқатар мәселелер;

9) мемлекеттік қызметте «электрондық үкімет» қызметтерін оқудан міндетті өтуге және сертификат алуға қатысты бірқатар мәселелер;

10) ЭҮ-ні дамытуға және электрондық қызметтерді ұсыну заңдылығына қатысты бірқатар мәселелер;

11) мемлекеттік тілде ақпараттандыру саласындағы түсініктерді аударуға және қолдануға қатысты бірқатар мәселелер;

12) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы техникалық және кәсіби ұйымдардың мамандықтары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жетілдіру.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы нормативтік-құқықтық базасын және техникалық реттеу ортасын құру және өзекті ету Бағдарламада қойылған мақсаттарға табысты қол жеткізу үшін қажетті шарт болып табылады.

**3.6 Қазақстан Республикасының шарттарына бейімделуі мүмкін бар проблемаларды шешу бойынша жағымды шетелдік тәжірибеге шолу**

2008 жылдың қорытындылары бойынша ақпараттық технологиялардың әлемдік нарық көлемі 1,5 трлн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде 35% (520 млрд. АҚШ доллары) Азия-Тынық мұхит елдерінің өңіріне келеді. 2008 жылы аппараттық қамтамасыз етуге шығындар 2,5%-дан артты және 380 млрд. АҚШ долларын құрады. Бағдарламалық қамтамасыз етудің нарығы (222 млрд. доллар)

және ақпараттық технологиялар саласындағы қызметтер (805 млрд. доллар) тиісінше аса тез қарқынмен өсті - тиісінше 10,3% және 8,2%.

Халықаралық ІТ-нарығында шығындардың құрылымы экономиканың даму дәрежесіне байланысты. Дамыған елдерде инфрақұрылымдық толықтыру жүруде, сондықтан аппараттық құрал-жабдықтарға шығындардың үлесі ақпараттық технологияларға жалпы шығындардың 70% осы нарықтарға жетуі мүмкін, дамыған елдерде ІТ-өнімдердің және құрал-жабдықтардың үлесі 50%-дан асады, ал табыстың негізгі үлестері ІТ-қызметтерінің сегменті болып табылады.

Халықаралық тәжірибені талдау, ІТ-нарығындағы дағдарысқа дейінгі мерзімінде дамыған елдерден еңбек құнын төмен сипаттайтын және салық салу қолайлы жағдайларымен елдерге ауыстыру үрдісі байқалуда. Осы әсіресе, күрделі техникалық инфрақұрылымды құруды талап етпейтін бағдарламалық камтамасыз ету мен қызметтердің өндірісі үшін өзекті. Соңғы бес жылда БҚ әзірлеу және ІТ-қызметтерді беру нарығының көлемі әлемдік экономиканың 3 - 4% орташа өсу қарқыны кезінде, жылына орташа 10%-ға өсті, ол дамыған және дамымаған елдерде ЖІӨ құрылымында осы сектордың үлесі айтарлықтай ұлғаюға әкелді. Осындай елдерге үлгі болып табылатын, ЖІӨ-нің 10%-нан асатын ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының үлесі бар Оңтүстік-Шығыс Азия елдері (Корея, Малайзия, Тайвань, Сингапур).

Үндістан ІТ-қызметтердің және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қарқынды қолданатын қызметтердің сараптамалық бағытталған секторының ойдағыдай дамуының ең айқын мысалы болып табылады. 2008 жылы ІТ-қызметтер экспортының жалпы көлемі 40 миллиард АҚШ долларын құрады, бұл елдегі тауарлар мен қызметтер экспортының төрттен бірден астам бөлігін құрайды. Экспортқа қосымша ретінде ішкі нарықта 11,6 миллиард АҚШ доллары сомасына ІТ-тауарлар мен қызметтер пайдаланылған. Болжамдарға қарағанда, ІТ-қызметтер секторы 2010 жылы 60 миллиард АҚШ доллары көлеміне жетеді, бұл елдің ЖІӨ-нің 10 % құрайды. Ақпараттық технологиялар секторы 2 миллионнан астам адамды жұмыспен қамтиды, оның 30 % - әйелдер; сонымен бірге, сектор бойынша орташа табыс басқа қызмет салаларынан екі еседей артық. Бұл ретте, ақпараттық технологиялар саласындағы әр жаңа жұмыс орны сыбайлас және қызмет көрсететін салаларда үш-төрт орынның пайда болуына алып келеді.

Оңтүстік Корея, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар әлеуетін қолдана отырып, кедей елден жоғары технологиялы тауарлар мен қызметтерді әлемдік сатудың көлемі бойынша он екінші қатысушысы болып табылатын әлемдегі ірі экономикалық державалардың біріне айналды. ІТ-секторы елдегі экономикалық өсудің астам бөлігін қамтиды, инфляцияның төмендеуінің маңызды макроэкономикалық факторы болып табылады және елдің ЖІӨ-нің 16

пайызынын астам бөлігін құрайды. Корея экономикасының дамуына әсер ететін факторлардың ішінен бірнеше ұлттық стратегияларын іске асыруды қалыптастыру және қаржыландыру арқылы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар секторының дамуындағы үкіметтің белсенді қатысуын айтуға б о л а д ы .

Кореяның ақпараттық-коммуникациялық технологиялар секторының дамуын төрт негізгі кезеңге бөлуге болады: 1) ұлттық қорлық ақпараттық жүйе құру және бірыңғай ақпараттық орта жасау; 2) ақпараттандырудың алға басуы бойынша ұлттық жоспар негізінде ақпараттандырудың алға жылжуы (CDMA технологиясы негізінде тиімді және тез инфрақұрылым құру және кеңжолақты Интернетке қол жетімділік үшін инфрақұрылым құру); 3) компьютерлік сауаттылыққа оқыту және олардың ақпараттық технологияларды пайдалануы арқылы халық өмірін жақсарту; цифрлық теледидар қызметтерін ұсыну; «Korean Telecom» компаниясын жекешелендіру; «CYBER KOREA 21» ұлттық бағдарламасы негізінде «e-Government», «e-Commerce» және «e-Procurement» жобаларын іске асыру үшін орта және тұғырнама жасау; 4) «e-Korea Vision 2006» стратегиясын іске асыру және жаппай «e-Government» енгізу; «Broadband IT Korea Vision 2007» жобасын іске асыру; бәсекелестіктің өсуінің одан әрі дамуы үшін IT839 стратегиясын қабылдау және іске асыру (8 қызмет, 9 өнім, 3 инфрақұрылым); DMB және WiBro коммерциялық қызметтерді іске қосу.

Мемлекет пен бизнестің өзара іс-әрекетінің келісілген үлгісінен басқа, Кореяның IT саласының даму үлгісінің бірегейлігі елдің ақпараттық-коммуникациялық технологиялары дамуын тұрақты қаржыландыру тетігін құрудан тұрады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы мемлекеттік сондай-ақ жеке сектордың әр түрлі жобаларын қаржыландыратын бірнеше қорларды, атап айтқанда, Ақпараттандырудың даму қорын құру арқылы Корея үкіметі дағдарыс кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар секторының дамуында инвестициялаудың жеткіліксіздігінен өзін қорғап қалды, бұл дағдарыстан кейінгі кезеңде корейлік компанияларға қосымша бәсекелестік артықшылық берді. Сонымен қатар, қорды құру және оны толықтыру үшін сектор ішінде алынған құралдар - радиожилік иелерінен алынған лицензиялық жинақ, телекоммуникациялық операторлардан алынған салықтардың пайызы қ о л д а н ы л а д ы .

Финляндия. Финляндияның көптеген басқа елдерден елеулі айырмашылығы - оның ұлттық поштасы мен телекоммуникациялары ешқашан мемлекеттік монополияны қ о л д а н ғ а н е м е с .

Ұялы операторлар ұялы байланыстың жаңа қосымшаларын әзірлеу мен шығаруға белсенді қатысады. Ол шағын кәсіпорындардың іргетасының табысты

дамуына мүмкіндік жасайды. Фин ақпараттық-коммуникациялық технологиялар секторы 3000-ға жуық кәсіпорындарды қамтиды.

Финляндияда желілік технологияларды қолдану соңғы бес жыл ішінде жоғары деңгейде болуын жалғастырып отыр. Елдің 65%-нан астам кәсіпорындарының өзінің ішкі жергілікті желілері бар, ал 94% кәсіпорын Финляндияда Интернет желісіне қосылған. Әлемдік экономикалық форумның баяндамасына сәйкес ақпараттық бірлестіктердің жұмыс инфрақұрылымын дамыту және ақпараттық-коммуникациялық техниканы қолдану деңгейі бойынша Финляндия әлемде тек Сингапур мен Исландиядан кейін, үшінші орында алады.

Кең жолақты байланыс арналарын қолдану арқылы Интернет желілеріне қосылу санының өсуі жалғасып жатыр. Бекітілген байланыс сымдары арқылы жоғары жылдамдықты Интернетке қосылу саны 1 млн. бірліктен асты және елдің 94% халқын қамтиды.

Финляндияда телекоммуникация және байланыс қызметтерін көрсету құны дамыған елдердің ішінде ең төменінің бірі болып табылады. Ол Финляндия нарығында қызмет ететін телеоператорлардың арасындағы бос бәсекелестікпен (ақпараттық индустрия бәсекелестік үшін 90-жылдардың басынан бастап ашық болды) және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын бақылау және мемлекеттік реттеу мәселелеріне жауапты Финляндияның коммуникациялар жөніндегі мемлекеттік агенттігінің (FICORA) тарапынан белгіленген нормаларды және шектеулерді сақтауды үнемі бақылаумен түсіндіріледі. Соңғы 10 жыл ішінде телекоммуникациялар қызметтері құнының орта деңгейі 20-25%-ға төмендеді.

Барлығы Финляндия нарығында 150-ден астам фирма телекоммуникациялық қызметтерді көрсетеді. Финляндияда тек ұялы байланыс қызметтерін ұсыну саласында ғана нарықтың елеулі көлеміндегі 59 оператор қызмет етеді. Интернет-қызметтердің Фин нарығы да сондай-ақ ең дамығандардың бірі болып саналады. Еуропалық комиссия зерттеулерінің нәтижесі, электрондық қызметтерді дамыту индексі бойынша Финляндия Еуропада Швеция мен Австриядан кейін үшінші орынды алып отыр.

Мемлекеттік құрылымдар арасында ақпараттық технологияларды енгізудің ең жоғары деңгейін салық және кеден қызметтері, сондай-ақ қызметі табыс алуды есептеумен және бақылаумен байланысты басқа да мекемелер көрсетеді.

Финляндияда өндіріс және сауда саласындағы компаниялар жұмысында елеулі дамуды электрондық коммерция құралдарын пайдалану алып отыр. Мемлекеттік статистика орталығының деректері бойынша, ақпараттық желі арқылы елдің 30%-дан астам халқы сатып алулар жүргізеді, ал электрондық коммерция жүйесі арқылы сатудың жалпы жылдық көлемі 800 млн. еуродан

а р т ы қ

б о л ы п

о т ы р .

Электрондық коммерцияның одан әрі дамуы ұялы телефон немесе ықшамды қалта компьютері көмегімен әртүрлі қызметтерді сатып алу және алу мүмкіндігін беретін m-commerce - электрондық коммерцияны ұялы нысанға көшіру жүйесін әзірлеу және енгізу болып табылады.

«Он-лайн» тәртібінде көрсетілетін қызметтердің елеулі көлемі әсіресе банк саласына тиесілі. Өзінің банк қызметтерін Интернет арқылы іске асыратын «Нордеа» қаржы концернінің клиент саны 3 млн.-нан артық болып отыр. Жыл сайын төлемдерді өткізу және қолма қол ақша алу бойынша 1 млрд. астам қызметтер іске асырылады.

Канаданың сымсыз байланыс өнеркәсібі телерадио хабарлар тарату және негізінен сымсыз байланыс жабдықтары үшін қондырғыларды жаппай өндірумен айналысатын компаниялардан құралады. Оның өнімдері тарату және қабылдау антенналарынан, кабелді теледидар қондырғыларынан, GPS спутникті жалпы позициялау жүйесіне арналған қондырғылардан, пейджерлерден, ұялы телефондардан, спутникті қондырғылардан, ұялы байланыс қондырғыларынан, сондай-ақ телерадио хабарларын таратуға арналған студиялық және хабарлар тарату қондырғыларынан тұрады.

Сымсыз технологиялар саласында Канада ұялы қондырғылар, ақпарат таратуға арналған ұялы құрылғылар, қолданушылардың түпкілікті құрылғылары (CPE), бағдарламалық анықталатын байланыс құрылғылары (SDR) және сымсыз кең жолақты байланыс құрылғылары (WiMAX) сияқты шешуші салаларда танымал болды.

Accenture компаниясының есебіне сәйкес, Канада электрондық сервистердің даму деңгейі бойынша әлемде бірінші орынды алып отыр. IT-технологиялардың көмегімен Канада азаматтарына көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру тапсырмасы ел үкіметі қызметінің ең маңызды бағыты болып саналады.

Бағдарламалық құжаттарда Канада үкіметінің ресми мақсаты мынадай сипатта тұжырымдалған: «елдің кез келген нүктесінен кез келген уақытта онлайн режимде үкімет органдарының ақпараты мен қызметтерін қолдануға қол жеткізу мүмкіндігі бар, өз азаматтарымен тығыз байланысқан үкімет ретінде бүкіл әлемге танымал болу». 1994 жылы Қазынашылық Секретариаты (Treasury Board Secretariat) негіз болатын құжатты жариялады: «Ақпараттық технологияларды қолданумен үкімет қызметін жаңғырту жоспары» (Blueprint for Renewing Government Services using Information Technology). Ал 1999 жылы Канада үкіметі 2004 жылға дейін үкіметтің барлық қызметтерін Интернет арқылы көрсетуді қамтамасыз ету міндетін қабылдады. Канадада орталық үкіметтің IT бюджеті 1999 және 2000 жылдары 3 млрд. долл. құрады, ол жалпы орталық бюджеттің 2%-ын және 1,9%-ын құрады. Қазіргі кезеңде IT дамуындағы басымдықтар мыналар



б о л ы п

т а б ы л а д ы :

- 1) Канаданы әлемдік электрондық сауда орталығына айналдыру және экономикада электрондық сауданы қолдануға әрекеттесу;
- 2) жеке және сауда ақпаратын қорғау және электрондық қолтаңбаны мойындау мақсатында заңнаманы өңдеу;
- 3) мектептер мен кітапханалардың жоғары жылдамдықты ақпараттық торабқа қол жетімділігін кеңейту, Канадада мультимедия-контентті және БҚ өндірісін ы н т а л а н д ы р у .
- 4) Үкіметтік ақпаратты және қызметтерді интернет арқылы ұсынуды дамыту.

1994 жылы электрондық сервистерді дамыту тұжырымдамасын жариялағаннан кейін, ірі IT-жобаларды басқару мен іске асыруда елеулі проблемалар туындады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында жобаларды жоспарлау және басқару - Enhanced Management Framework (EMF) ортақ әдістемесі енгізілді. EMF құру мен енгізудің мақсаты ірі IT жобаларды іске асыруда көмек көрсету және табысты жобалардың пайызын арттыру болды. EMF тұжырымдамасы жобаның техникалық шешімінің қойылған бизнес-міндеттерге сәйкес болуына қол жеткізуге және жобаларды бюджет шегінде, мерзімінде және толық қызметтік мүмкіндіктермен іске асыруға бағытталған. Өзінің даму шамасы бойынша EMF, сондай-ақ неғұрлым әлеуетті жобаларды іріктеуге және іске асырылатын жобалардың ұйымның өзгертін бизнес мақсаттарына сәйкестігін үнемі бақылауға бағытталған жобалар портфелін басқарудың процедураларын және тетіктерін қоса бастады.

Малайзия. Малайзия үкіметі инновациялық және коммуникациялық шешімдерді құру мен іске асыруға белсенді қатысады. Малайзия үкіметімен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытудың тоғызыншы Ұлттық стратегиялық жоспары әзірленді, онда алдағы 10 жылға жоспарлау кезеңімен қызметтің әлеуетті үш технологиялық саласы, сондай-ақ 2020 Көрінісінің қағидаларын іске асыру шеңберінде: сымсыз желілер, жорамалды талдау және үш с а т ы л ы И н т е р н е т а н ы қ т а л ғ а н .

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытудың Ұлттық стратегиялық жоспары экономиканың шешуші секторларының өндірісін арттыруға негіз болады және жаңа ғылыми көлемді өндіріс саласын дамытуға ы қ п а л ы н т и г і з е д і .

Малайзияның ақпараттық-коммуникациялық технологияларының Стратегиялық Жол картасына Ұлттық ақпараттық техникалық кеңес (ҰАТК) бастамашылық жасаған және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытудың тоғызыншы Ұлттық стратегиялық жоспарымен қайта қолданылды.

ҰАТК негізгі қызметі елдің әлеуметтік-экономикалық құрылымында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың интеграциясын қамтамасыз ету

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамытудың жетінші Ұлттық стратегиялық жоспарын іске асыруда ҰАТК негізгі мақсаттарын іске асыру үшін ұлттық ақпараттық технологиялар бағдарламасы әзірленді.

Ең үздік мультимедиялық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кәсіпорындарын тарту мақсатында әлемдік класс ортасын қалыптастыру үшін Малайзияда арнайы экономикалық аймақ құру жөніндегі жоба іске асырылды.

MSC келесі жобаларды іске асыру жолымен ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың басым бағыттарын дамытумен айналысады:

- 1) Э Ү ;
- 2) ұлттық көпмақсатты карта (National Multi Purpose Card);
- 3) с м а р т - м е к т е п т е р ;
- 4) т е л е м е д и ц и н а ;
- 5) е - б и з н е с ;
- 6) Ғ 3 Ж к л а с т е р і ;
- 7) А К Т к а с і п к е р л і г і н д а м ы т у .

АКТ-ны дамыту ғаламдық АКТ біліміне және оларды дамытуға негізделген бәсекеге қабілетті экономика ретінде Малайзияның орнын анықтауда маңызды стратегиялық қозғалтқыш болып табылады. Ақпараттық теңсіздікті төмендететін , қолданыстағы цифрлық қалалар мен жаңа MSC Phase2 дамыту, барлық малайзиялықтардың өмір сапасын жақсарту және биоинформатика сияқты жаңа секторды дамытуды ынталандыруға себепші MyICMS 886 фазалық енгізу көмегімен, жалпы ел бойынша қолданыстағы коммуникация желісін кеңейтуге е р е к ш е м ә н а у д а р ы л а д ы .

Бәсекеге қабілетті IT-секторы бар елдердің тәжірибелері дербес және нақты қоғам мен тарихи жағдайларға қатысты болғанына қарамастан, кезеңді талдау мемлекетпен қолданылатын бірнеше әмбебап қағидаларды айқындауға көмектеседі, оларды мемлекеттің қолдануы АКТ-ның әлеуетін мемлекеттің және бизнестің жемісті іске асыруына ықпал етеді.

#### **4. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары, және нәтижелерінің көрсеткіштері**

##### **4.1 Бағдарламаның мақсаты**

Ескерту. 4-1-кіші бөлімге өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.20 № 834 Қ а у л ы с ы м е н .

Қазақстан Республикасының ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласының шарттарын және даму тетіктерін мынадай мақсатта ж а с а у :

1) Қазақстан Республикасының ақпараттық қоғамға және инновациялық экономикаға көшуі ;

2) бәсекеге қабілетті экспортқа бағытталған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ұлттық секторын қалыптастыру.

#### 4.2 Нысаналы индикаторлар

Ескерту. 4-2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.20 № 834, 2012.10.31 № 1385 Қаулыларымен.

«Қазақстан Республикасының ақпараттық қоғамға және инновациялық экономикаға көшуі» мақсаты бойынша:

- 1) 2014 жылы ЖІӨ-дегі АКТ секторының үлесі - 3,8 %;
- 2) телекоммуникациялардың жергілікті желілерін цифрландыру деңгейі - 100 % ;
- 3) Интернеттің тіркелген кеңжолқты қолжетімді желісі абоненттерінің тығыздығы - 100 адамға 15 ;
- 4) ұялы байланыс абоненттерінің тығыздығы - 100 адамға 135;
- 5) халқының саны 1 000 және одан көп адам бар барлық елді мекендер ұтқыр байланыс қызметтерімен қамтамасыз етілді;
- 6) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.07.20 № 834 Қаулысымен.
- 7) халықтың компьютерлік сауаттылығын 52 %-ға дейін арттыру;
- 8) әлеуметтік мәні бар мемлекеттік қызметтерді 100 % электрондық нысанға көшіруді қамтамасыз ету ;
- 9) Қазақстан халқын эфирлік цифрлық телехабарлармен қамту - 95 %;
- 10) Қазақстан аумағын серіктік цифрлық телехабар таратумен қамту - 100 %;
- 11) пошта байланысының 560 ауылдық бөлімшелерін құру және жаңғырту;
- 12) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.07.20 № 834 Қаулысымен.
- 13) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.07.20 № 834 Қаулысымен.
- 14) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.07.20 № 834 Қаулысымен.

«Бәсекеге қабілетті экспортқа бағытталған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ұлттық секторын қалыптастыру» мақсаты бойынша:

- 1) IT-нарығының құрылымы: IT-қызметтер үлесі - 30 %, БҚ үлесі - 15 % және IT-жабдығының үлесі - 55 % ;
- 2) IT-нарығының жалпы көлемінде жергілікті қамтудың үлесі - 32 %-дан кем емес ;
- 3) IT-қызметтеріндегі жергілікті қамтудың үлесі — 80 %.

#### 4.3 Бағдарламаның міндеттері

Осы Бағдарламамен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын мемлекеттік дамытудың әлеуетті міндеттері анықталды:

**4.3.1 Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды жаңғырту және дамыту**

Ескерту. 4.3.1-тарауға өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.20 № 834, 2011.12.29 № 1644 Қаулыларымен.

*Телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту*

Телекоммуникация саласының жоғары табысына экономикалық белсенділіктің және ҮИИД МБ-ның шеңберінде тұрғындардың табысының өсуі қолдау көрсетеді, сондықтан берілген міндетті орындау бойынша негізгі шарттар мемлекет тарапынан жеке меншік сектормен инвестициялар өткізу және бәсекелі нарықты дамыту үшін жағымды жағдайлар жасауға бағытталған.

Бағдарламада іске асырудың бірқатар институционалдық тетіктері көзделген:

1) байланыстық заманауи радио технологияларымен неғұрлым талап етілген диапозондарда радиожиилікті спектордың конверсиясын өткізу, бұл ақпараттық-коммуникациялық желілердің сапасын және өткізу қабілеттілігін бірден арттыруға, әсіресе ауыл байланысын дамыту үшін қолданыстағы желілерді жанғыртуға мүмкіндік береді;

2) ұтқыр байланыс операторларының меншікті инвестицияларының өсімін арттыру үшін қажетті жағдайлар жасау, бұл негізінен 3G, үшінші буынның ұялы байланысының желілерін Қазақстанда дамытуды аяқтауға және LTE., төртінші буынның ұялы желілерін жайып таратуды бастауға мүмкіндік береді;

3) радиожиилік спекторының конверсиясының тетіктері негізінде азаматтық диапозонда үшінші буынның телекоммуникациялық желілерін жайып тарату үшін қажетті Қорғаныс министрлігінің жииліктер жолағын пайдаланылмайтын радиоэлектрондық құралдармен ауыстыру;

4) **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.07.20 № 834 Қаулысымен.**

5) байланыс саласын реттеу бойынша заңнамалық базаны жетілдіру.

Байланыс саласының жағдайын нақты көрсету және бәсекеге қабілеттіліктің ғаламдық индексінің қазақстандық рейтингін көтеру мақсатында байланыс операторларынан халықаралық ұйымдарға, оның ішінде Электр байланысының халықаралық одағы және Байланыстың аймақтық достастығы үшін статистикалық деректерді жинау тетігін жетілдіру қажет.

«Тексерілетін субъектілерге талаптар белгілейтін нормативтік-құқықтық актілерді қабылдауға өкілетті мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретін қайта қарастыру мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына сәйкес телекоммуникация желілерін жалпылама қолданыстағы телекоммуникациялар желісіне қосудың және Қазақстан Республикасының жалпылама қолданыстағы телекоммуникациялар желісі бойынша трафик өткізуді реттеудің, Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 12 шілдедегі № 145-п бұйрығымен бекітілген Ережелерді Қазақстан

Республикасы Үкіметінің қаулысы деңгейіне шығару жоспарланып отыр.

«Байланыс туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 3-тармағына сәйкес телекоммуникация желілерінің операторлары өз желілерінде байланыс қызметтерін пайдаланушылардың әрқайсысына өкілетті орган айқындайтын тәртіппен қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторын еркін таңдаудың техникалық мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Осыған байланысты, бәсекелестікті дамыту мақсатында қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторын еркін таңдау құқығын қамтамасыз ету қ а ж е т .

Трафикті қосу және өткізу қызметтерінің нарығындағы бәсекелестік деңгейін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 наурыздағы № 155 қаулысымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесінен 11-тармақты алып тастау мүмкіндігіне талдау жасау мәселесін, оның ішінде өкілетті органды салыстырмалы талдау (banchmarking) негізінде ұялы байланыс операторлары үшін трафикті терминациялау қызметтеріне мөлшерлемелерді нұсқаулықпен белгілеу бойынша құзыретті беру мәселесін қарастыру қажет.

Байланыс саласындағы өкілетті орган «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының шеңберінде трафикті өткізу қызметтеріне (терминацияға) ұялы байланыс операторлары қолданатын т а р и ф т е р г е т а л д а у ж а с а й д ы .

Ұялы байланыс операторларының техникалық мүмкіндігін есепке ала отырып, ұялы байланыс абоненттері үшін 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап ұялы байланыс операторлары желілерінің ішінде, ұялы байланыстың басқа операторлары желілерінің ішінде, сондай-ақ халықаралық роуминг қызметтеріне тарификациялау бірлігінің көлемін 1 секунд көлемінде бекіту бөлігінде Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі Төрағасының 2009 жылғы 2 ақпандағы № 43 бұйрығына өзгерістер енгізу қажет.

Телекоммуникациялық инфрақұрылымды жаңғырту бойынша жобалардың капитал сыйымдылығын және сыртқы нарықтан қаржыландыруды тартудың қиыншылығын ескеріп, мемлекет қолдаудың инвестициялық шараларын, ең алдымен инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру саласында ұсынуы мүмкін. Берілген қаржыландырудың шарты жобаны ҮИИД МБ құрамдас бөлігі болып табылатын Қазақстанды индустрияландыру Картасына қосу болып т а б ы л а д ы .

Берілген шаралар мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

1) «Қазақтелеком» АҚ-ның телекоммуникациялар желісін, пакеттерді коммутациялау технологиясын қолданумен сөз, бейнелерді және деректерді сенімді таратуға арналған әмбебап көп мақсатты желіні құру үшін, қуаттылығы 1

млн. абонент, Next Generation Network (NGN) технологиясына көшіруді аяқтау;

2) телефония және ақпарат тарату қызметтеріне сұранысты 100% қанағаттандыру үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейін даму Стратегиясымен анықталған ұзақ мерзімді әлеуеттерге сәйкес ақпараттық теңсіздікті жою үшін CDMA технологиясын қолданумен ауылдық байланыс телекоммуникацияларының желісін жаңғырту және дамыту;

3) Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін дамыту мақсатында оптикалық-талшықты магистралдарды құрылатын көліктік дәліздер бойында салу және ілеспелі телекоммуникациялық инфрақұрылымды құру (оның ішінде «Қазактелеком» АҚ-ның магистралдық желісін дамыту);

4) талшықты-оптикалық кәбіл және технологияның спектрлік нығыздаулары Dense Wavelength Division Multiplexing (DWDM) негізінде Ұлттық Ақпараттық Супермагистралды кеңейту;

5) Worldwide Interoperability for Microwave Access (WiMAX) технологиясының негізінде қамтудың барынша үлкен аумағымен деректер қорының сымсыз мультисервистік желілерін құру;

6) Telecommunications and Internet converged Services and Protocols for Advanced Networking (TISPAN) IP Multimedia Subsystem (IMS)/Next Generation Network (NGN) сәулеті стандарттарының негізінде тіркелген және ұтқыр байланыс конвергенциясы үшін операторлық класстың ақпараттық коммуникациялық қызмет көрсетуіне жүйелі көшуді іске асыру;

7) Ақпараттық қауіпсіздікті соның ішінде ақпараттық ресурстар мен жүйелерді қорғауды ескере отырып, мемлекеттік органдардың бірыңғай ақпараттық көлік ортасын дамыту.

*П о ш т а   с а л а с ы н   д а м ы т у*

Бағдарламамен іске асырудың бір қатар институционалдық тетіктері к ө з д е л г е н :

Поштаны өңдеу, жіберу және жеткізу, сапалы қаржылық қызметтер көрсету мерзімдері бойынша логистикалық қызметтер дамуының әлемдік үрдісіне бүкіл Қазақстан территориясын қамту артықшылығын қолдана отырып, қол жеткізу;

Өндірісті ұйымдастырудың қағидалық сызбасын және пошталық байланыстың түйін объектілері үшін ішкі және халықаралық поштаны өңдеу бойынша негізгі технологиялық операцияларды, тікелей пошталық-логистикалық орталықтың қызмет көрсетуінде орналасқан және оның құрамында жүзеге асатын іріктеме орталығы, сонымен қатар, пошта байланысының түйіндік объектілерінің керекті көлемін жобалау және іс-әрекет қағидаттарын құру;

Қажетті инженерлік коммуникациялармен Астана қаласында орналасқан және Ақтөбе қаласының жаңа объектілері негізінде пошталық-логистикалық орталықтың ғимаратын құру және жобалау;

Пошталық тасымалдаудың магистралды сызбасын жетілдіру, айырбастаудың нормативті жиілігін сақтау, түйінді тұғырларда бағдарлардың түйісулерін және бағыттар жоспарын (сұрыптау сызбаларын) оңтайландыру;  
пошталық жөнелтулердің өңдеудің, айырбастаудың және тасымалдаудың бірыңғай технологиясын құру, магистралдық бағыттарда пошта жөнелтімдерін айырбастауды іске асыру үшін айырбастау тұғырларының ыңғайлы баламалы көлікке бейімделуі, пошта жөнелтілімдерін, сондай-ақ пластикалық ыдыстарды (лоттарды) тасымалдау мен айырбастау үшін арба-контейнерлерді енгізу;  
пошта байланысының ауылдық бөлімшелерін жаңғырту және дамыту есебінен ауыл тұрғындарына қаржылық қызметтердің кең спектрін ұсыну;  
пошта байланысының ауылдық бөлімшелерінің желісін олардың құрылысы және жалға алу жүйесінен кезең бойынша шығуы арқылы кеңейту;  
пошта байланысының ауылдық бөлімшелерінде халықтың интернет қызметтеріне қоғамдық қол жеткізу пункттерін (ҚҚП) орналастыру;  
ҚҚП-ға ЭҮ қызметтерін енгізу;  
ҚҚП-ға электронды сауда алаңын енгізу.

Берілген шаралар мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- 1) **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.07.20 № 834 Қаулысымен.**
- 2) пошта жөнелтілімдерін тасымалдауға көлік шығындарын 10-20 %-ға қысқарту;
- 3) электрондық коммерция саласында пошта қызметтеріне тарифтерді төмендету бойынша тетіктер әзірлеу;
- 4) шынайы уақыт тәртібінде тіркелетін пошта жөнелтілімдерін бақылау үдерісін автоматтандыру үшін Бүкіләлемдік Пошталық Одақтың жүйелерімен және аймақтық одақ жүйесімен интеграциялану;
- 5) «Қазпошта» акционерлік қоғамының пошта жөнелтілімдерін қадағалаудың халықаралық жүйесіне кіруі;
- 6) пошта байланысының меншікті нысандарының қызмет көрсетудің қауіпсіздігі мен ыңғайлылығының талаптарына толық сәйкес келуі;
- 7) ауыл тұрғындарына сапалы пошталық-қаржылық және ақпараттық қызметтердің кең спектрін ұсыну;
- 8) жинақтаушы зейнетақы қорларымен, сақтандырушы, лизингтік компаниялармен, трансфер-агенттермен және басқа қаржылық институттармен агенттік келісімдер негізінде көрсетілетін қызметтердің спекторын кеңейту;
- 9) Қазақстанда қашықты сауданы дамыту;
- 10) қамту аймағында тұрған, Қазақстанның ең алшақ нүктелерінде Интернет-пресса мен Интернет-жазылуларды дамыту;
- 11) ауылдық мекендердегі пошталық байланыс бөлімшелерін күрделі және техникалық жайластыру деңгейін 26 %-ға көтеру.



## Есептеу орталықтарын дамыту

Веб-хостинг қызметтеріне сұранысты, деректерді алғашқы және резервті сақтауды, бултты есептеулерді ұйымдастыруды қамтамасыз ету және сыртқы нарықтарға кезеңдеп шығу мақсатында есептеу орталықтарын (дата-орталықтарды) дамыту. Дата-орталықтардың инфрақұрылымының болуы Интернеттің қазақстандық сегментінің дамуы, электрондық коммерция, электрондық қызметтер және «электрондық үкімет», бултты есептеулер үшін негізгі шарт болып табылады.

Бағдарламамен мынадай нәтижелерге қол жеткізу үшін жобаларды қаржыландыруға және мемлекеттік-меншікті әріптестік тетіктерін белсенді қолдануға республикалық бюджеттен қаражат бөлу көзделген:

1) Интернеттің қазақстандық сегментін, электрондық қызметтерді және ЭҮ-ні дамыту үшін Қазақстанның энергоартылған аумақтарында ірі коммерциялық дата-орталықтарды құру;

2) Астана қаласының мемлекеттік органдарының Серверлік орталықтарын техникалық қамтамасыз етуді аяқтау;

3) Ақпараттық қауіпсіздік талаптарын соның ішінде ақпараттық ресурстар мен жүйелерді қорғауды ескере отырып, жергілікті атқарушы органдардың аймақтарда электронды қызметтерді көрсетудің ақпараттық жүйелерінің хостингі үшін серверлік тұғырнамаларды құру;

4) Ақпараттық қауіпсіздік талаптарын, соның ішінде ақпараттық ресурстар мен жүйелерді қорғауды ескере отырып, мемлекеттік органдар үшін Резервті серверлік орталықты құру.

5) серверлік және телекоммуникациялық жабдықты орнату үшін, сондай-ақ оларды ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес пайдалану үшін ғимараттар мен үй-жайларға қойылатын талаптарды жетілдіру.

### 4.3.2 Цифрлық телерадиохабарлар таратуды дамыту

**Ескерту. 4.3.2-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қаулысымен.**

Цифрлық хабарлар тарату нарығының толыққанды қызмет етуі үшін нормативтік базаны әзірлеу және одан әрі жетілдіру бойынша шаралар қабылдау қажет:

1) теле-, радиоарналарды тарату бойынша қызметті лицензиялаудың жаңа шарттарын әзірлеу;

2) еркін қолжетімді теле-, радиоарналар пакетінің трансляциясын қамтамасыз ететін телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторының рөлін және мәртебесін айқындау;

3) телерадио хабарларын тарату операторлары үшін тарифтік саясаттың қағида ттарын айқындау;



- 4) мемлекет кепілдік беретін, халық үшін тегін таратылатын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін айқындау;
- 5) цифрлық телерадио хабарлар таратудың стандарттарын қалыптастыру;
- 6) сымсыз қол жетімділік желілерінің негізінде ұтқыр теледидарды дамыту үшін нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру.

Сондай-ақ, «Телерадио хабарларын тарату туралы» заңды әзірлеу және қабылдау, сонымен қатар «Байланыс туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Лицензиялау туралы», «Авторлық құқық және шектес құқықтар туралы», «Жарнама туралы» және т.б. заңдарға өзгерістер мен толықтырулар е н г і з у қ а ж е т .

Телерадио хабарлар тарату нарығының негізгі қатысушыларының өзара қатынастарының қағидаттарын анықтау қажет:

- 1) таратушылар өз қызметін бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнама талаптарына сәйкес және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарына сәйкес і с к е а с ы р у ғ а т и і с ;

- 2) телерадио хабарларын тарату операторлары өз қызметтерін Қазақстан Республикасының байланыс, телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының талаптарына және басқа да заңдарына сәйкес іске асыруға тиіс;

- 3) **алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қаулысымен;**

- 4) телерадио хабарларын тарату операторлары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін таратушылар өнімін трансляциялауы тиіс.

Қазақстан Республикасында цифрлық телерадио хабарларын таратуды енгізу бойынша жұмысқа мынадай нормативтік актілер негіз болады:

- 1) еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесі туралы;

- 2) әлеуметтік және коммерциялық бағыттағы мультиплексорлар көлемі және құ р а м ы ;

- 3) **алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қаулысымен;**

- 4) ұқсас телерадио хабарларын таратуға лицензия беруді тоқтату туралы;

- 5) **алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қаулысымен;**

- 6) ұқсас хабарларды таратуды тоқтату туралы;

- 7) телерадио хабарларды тарату желісін жобалау және пайдалануға беру т у р а л ы ;

- 8) **алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қаулысымен;**

- 9) телерадио хабарларын тарату операторларының қызметтерін көрсету т у р а л ы .

Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің қоғамдық маңызды сегментін қалыптастыру үшін әлеуметтік жауапкершілікті есепке ала отырып, арналық теледидар операторларына лицензиялар берген кезде олардан өздерінің желілері бойынша теледидарлық және радиоарналық міндетті пакеттерді тегін

таратуды міндеттеу керек.

Цифрлық телерадио хабарларын таратуға көшуді 2009 — 2014 жылдар ағымында 3 кезеңде іске асыру қажет.

Бірінші кезең барысында (2009 - 2010 жылдар) мыналарды қамтамасыз ету көзделген:

- 1) нормативтік құқықтық базаны әзірлеу;
- 2) жиілікті-аумақтық жоспарды және көшудің уақытша жоспарын әзірлеу;
- 3) цифрлық теледидарлық таратудың мемлекеттік стандарттарын әзірлеу және бекіту;

4) Қазақстан Республикасының әр аймағы үшін әлеуметтік маңызды теледидар арналары мен радио арналарының тізімін бекіту;

5) тікелей спутниктік хабарларды таратумен қамтамасыз етілетін, эфирлік хабарлағышты орнату экономикалық тұрғыдан тиімсіз аз халқы бар елді мекеннің сандық құрамын анықтау;

6) телерадио хабарларын тарату объектілерінің қолданыстағы инфрақұрылымын тексеру;

7) жобалық жұмыстар;

8) кейбір аймақтарда әлеуметтік маңызы бар теледидарлық арналар мен радио арналарының жинақтарын эфирде хабарлау үшін цифрлық жердегі желілерді жасау;

9) Digital Video Broadcasting - Satellite - Second Generation (DVB-S2)/ Moving Picture Experts Group-4 (MPEG-4) стандартында ТД және РХ спутниктік хабарлар тарату станциясын қолданысқа беруді енгізу.

Екінші кезеңде (2011 - 2013 жылдар) мыналарды жалғастыру қажет:

- 1) жобалық жұмыстар;
- 2) аналогты теледидарлық құрылғыларды цифрлыққа жоспарлы ауыстыру;
- 3) бірінші қадам шеңберіне енбей қалған аймақтардағы эфирлік цифрлық хабарларды тарату мен спутник желілерін жаю.
- 4) халықты қамту 60%-ға жуық болады.

Үшінші кезеңде (2014 - 2015 жылдар) мыналарды іске асыру:

- 1) барлық аймақтарда цифрлық теледидарлық хабарлар тарату желісін жаюды аяқтау;
- 2) аналогты хабарларды таратуды тоқтату;
- 3) ұялы телехабарлау мен жоғары дәлдікті теледидарды қосқанда, теледидарлық хабарлаудың жаңа түрлерін дамыту;
- 4) халықты қамту 95%-ға жуық болады.

#### 4.3.3 Қазнетті дамыту

Ескерту. 4.3.3-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қ а у л ы с ы м е н .

Қазақстандық контентті дамыту және электрондық сауда алаңдарын, онлайн-дүкендер мен электронды төлемдерді құру Интернеттің қазақстандық сегментін инвестициялық тартымды етеді.

Қазнеттің дамуына кең жолақты қолжетімділікті және күн-орталықтарды құру, «электрондық үкімет» порталы арқылы ұсынылатын электрондық қызметтерді арттыру, мемлекеттік органдардың порталдарын дамыту, әлеуметтік маңызды коммерциялық емес интернет-қорларды құру (балалар және ж а с ө с п і р і м д е р ү ш і н ) .

Халықаралық интернет адрестеуді енгізуді қамтамасыз ету. Ұлттық алфавит белгілерін қолданумен жоғарғы деңгейлі «.каз» интерүлттандырылған доменді енгізу. Домендік есімдерді тіркеу «президент.каз», «ақордаказ», «парламент.каз», «сенат.каз», «үкімет.каз» сияқты үкімет органдарының және президент аппаратының қажеттіліктері үшін жасалады. Сондай-ақ мынадай домендік есімдері бар сайттар пайда болады: мемлекеттік ұйымдар үшін «mem.каз», білім беру мекемелері үшін «bil.каз», коммерциялық ұйымдар үшін «ком.каз», коммерциялық емес ұйымдар және жобалар үшін «ұйым.каз».

Қазнетте электрондық коммерцияның инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз ету, азаматтар, бизнес субъектілері және мемлекеттік органдар үшін электрондық сауда алаңдарын; виртуалды сөрелерді; электрондық биржаларды ж ә н е а у к ц и о н д а р д ы құ р у .

Коммерциялық ұйымдардың ЭҮ төлем шлюзінің қызметіне қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін, Қазақстан Республикасының банк жүйесінің және ЭҮ инфрақұрылымының интеграциясын қамтамасыз ету.

Электрондық ақшалар мен электрондық коммерция саласындағы заңнама ж е т і л д і р і л е т і н б о л а д ы .

Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде азаматтардың құқықтарын қорғау үшін, Интернеттің ақпараттық қауіпсіздігін дамытуды қамтамасыз етудің тепе-теңдік саясаты іске асырылады.

Мемлекеттік интернет-қорларды, ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың корпоративті интернет-ресурстарын сапалы ақпараттық толықтыру мен дамыту саясаты іске асырылатын болады.

Теледидарлық компаниялар мен радиоарналарының, интернет-теледидарларының интернет-қорлардың желісі дамытылады.

Инновациялық және венчурлік қорлар, даму институттарының қаржыларын тарту жолымен мемлекеттік-меншікті серіктестік шартында Қазнетті дамытуға көмектесетін, жаңа итернет-компаниялары мен интернет-жобаларын қолдау мемлекеттік саясаты іске асырылатын болады.

Интернеттің қызметіне байланысты Қазақстанда жаңа қоғамдық қатынастардың пайда болуы, қоғамдық өмірдің негізгі салаларында олардың

трансформациясы аса реттеуді қажет ететін, ақпараттық құқық қатынастарының қалыптасуына маңызды әсер етіп, ерекше реттеуді талап етеді:

1) жеке (дербес) электрондық пошта жәшігіне түсетін ақпараттық ағымын реттеу, соның ішінде коммерциялық ақпаратты (электрондық пошта жәшігін ақпараттар ағымынан қауіпсіздікті қамтамасыз ететіндей қорғау);

2) дербес деректерді қорғау;

3) интернеттегі алаяқтықтың алдын алу;

4) интернеттегі еркін бәсекені қамтамасыз ету;

5) оқушыларды қажетсіз ақпараттан қорғау үшін жаңа ақпараттық технологиялармен оқу орындарын және кітапханаларды бағдарламалық қамтамасыз ету.

*Коммерциялық электрондық қызметтерді және электрондық коммерцияны дамыту*

**Ескерту. Кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қ а у л ы с ы м е н .**

Қазақстандық шағын және орта бизнесті және қазақстандық қоғамды ақпараттандыру үшін коммерциялық электрондық қызметтерді енгізу және электрондық коммерцияны дамыту маңызды мәнге ие. Электрондық сауда алаңдарын, электрондық сөрелерді, онлайн-дүкендерді құру шағын және орта бизнес инвестицияларын Интернеттің қазақстандық сегментіне тартады, бизнесті жүргізудің үстеме шығындарын төмендетеді және отандық тауарлардың сыртқы нарықтарға шығуын жеңілдетеді, сондай-ақ салық салынатын базаны көтереді және сауданың көлеңкелі айналымнан жарым-жартылай шығуына қамтамасыз етеді.

Электрондық коммерцияның қазақстандық сегменті өсуінің негізгі факторы Қазақстанның интернет-тұтынушылары санының көбеюімен негізделетін өспелі ішкі с ұ р а н ы с б о л а д ы .

Берілген бағыттың даму стратегиясы электрондық коммерцияның дамуындағы мемлекет рөлінің артуынан және берілген секторға бизнес субъектілері тарапынан инвестицияларды көбейтуді ынталандырудан тұрады. Осы мақсатта мынадай қадамдар іске асырылады:

1) электрондық коммерциямен байланысты интернет-жобаларды іске асыру әлеуеттілігін қамтамасыз етудің нормативтік құқықтық тетіктері әзірленді;

2) электрондық коммерцияның және электрондық қызметтерді ұсыну стандарттарының нормативтік құқықтық базасы дамытылды;

3) электрондық коммерциямен айналысатын компаниялар үшін жеткізудің ұлттық қызметінен арнайы тарифтер әзірленді;

4) Қазақстанда электрондық коммерцияны дамыту және бизнестің осы

секторға инвестициялауын ынталандыру үшін электрондық ақшаны пайдаланудың нормативтік құқықтық қорын әзірлеу және қалыптастыру.

#### **4.3.4 БҚ-ны әзірлеудің және IT-қызметтерінің секторын дамыту**

**Ескерту. 4.3.4-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қ а у л ы с ы м е н .**

Бағдарламалық қамтамасыз ету өндірісі, IT-қызметтерін көрсету бойынша ішкі нарықты дамыту және IT-қызметтеріндегі жергілікті қамтудың үлесін 80 % - ға дейін, жалпы алғанда IT-нарығындағы жергілікті қамтудың үлесін 30 % - ға дейін көтеру жолы арқылы экспорттық әлеуетті қалыптастыру.

**І ш к і     I T - н а р ы қ т ы     д а м ы т у .**

БҚ және IT-қызметтерінің қазақстандық секторы өсуінің негізгі факторы экономикадағы және мемлекеттік органдардағы ақпараттық технологияларға шығындарды өсірумен және Қазақстанның негізгі салаларындағы ірі инвестициялық жобаларды іске асырумен негізделетін болады.

Отандық компанияларға жергілікті қамтуды көбейту тетігі негізінде осындай жобаларды іске асыруға қатысудың нақты тетігі ұсынылады.

Берілген бағыттың даму стратегиясы БҚ және IT-қызметтерін әзірлеу секторын дамытуда мемлекеттің рөлін арттырудан және бизнес субъектілерінің ақпараттық технологияларға шығындарын ынталандырудан тұрады. Осы мақсатпен мынадай қадамдар іске асырылады:

мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың және ұйымдардың тиімді ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыруға шығындарының жоспарлы өсуі;

жергілікті қамтудың үлесі жоғары және отандық өндірістегі компьютерлік, телекоммуникациялық және басқа жоғары технологиялық жабдықты артық сатып алатын отандық IT-кәсіпорындармен мемлекеттік органдардың және ұлттық холдингтердің IT-жобаларын іске асыру басымдылығын қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық тетіктерді әзірлеу;

жарғылық құжаттарды, жеке сектормен қамтылған қызмет түрлерін жою мақсатында, мемлекеттік IT-кәсіпорындардың қызмет түрлерінің заңдылығымен сәйкестікке келтіру үшін ұсыныстар әзірленеді;

мемлекет 100% қатысатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге жеке сектормен қамтылған қызмет түрлерін іске асыру бойынша құзырет беру тиімділігі жөніндегі қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар әзірленеді;

әлеуетінде коммерциялық қайтарымға ие, тұрғындарға және бизнеске ұсынылатын электрондық қызметтер саласындағы IT-жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік-меншікті әріптестік қағидаттары әзірленеді;

мемлекеттік сатып алулар қатысушысын конкурс тәсілімен іріктеуде сапа және қызметтік толықтылық критерийлеріне талаптарды нақтылау бөлігінде

мемлекеттік сатып алулар туралы заңнама жетілдіріледі; үлкен және күрделі ақпараттық жүйелерді құрғанда көпжылдық келісім-шарттарды құрылыспен үйлестіріп жасасу мәселелері шешіледі.

IT-саласын және IT-жобаларындағы жергілікті қамтуды дамыту және IT енгізуге бизнесті ынталандыру үшін келесі тетіктер іске асырылады:

мемлекет қатысатын мемлекеттік органдарда және компанияларда IT-қызметтер аутсорсингке, одан соң сауда нарығына шығарылады;

бағдарламалық өнімдер мен ақпараттық жүйелерді әзірлеу саласында ең үздік жетістіктерді мадақтау мақсатында - әр түрлі конкурстар ұйымдастырылады.

Оның үстіне, IT-нарығының үйлесімді дамуына ықпал ету мақсатында елдер м ы н а л а р д ы і с к е а с ы р а д ы :

IT-нарығының құрылымын жақсарту (2014 жылы 172 млрд. теңгеге жетеді) және сәйкесінше IT-қызметтерінің үлесін 30 %-ға дейін, ал елдің IT-нарығының жалпы көлемінде қорабтықтың (лицензиялықтың) үлесін 15 %-ға дейін (25,8 млрд. теңгеге дейін) жеткізу бойынша шаралар қабылданды;

IT-қызметтерінің секторын дамыту үшін транзитті магистралдарды қолданатын, трансұлттық компаниялар үшін IT-қызметтерінің спектрін және көлемін кеңейтуге мүмкіндік беретін, еліміздің транзиттік әлеуеті қолданылады;

еңбек сыйымдылығы мен бағдарламалық өнімдер мен ақпараттық жүйелерді әзірлеу жұмыстарының құнын және есептегіш-коммуникациялық жабдыққа жүйелік техникалық қызмет көрсету тарифтерін есептеу әдістемесін әзірлеу арқылы IT-нарығындағы баға қалыптастыруға бақылау орнатылады;

ашық коды бар бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдануды арттыру бойынша шаралар қабылданады, бұл шетелден шыққан лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алумен байланысты шығындарды қ ы с қ а р т у ғ а к ө м е к т е с е д і ;

IT-нарығының объективті статистикасын қалыптастыру, ақпараттық технологияларды енгізу және IT-саланы дамыту бойынша шаралар қабылданды.

Бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету өндірісін дамытуды және жалпылама сұранысқа ие бағдарламалық өнімдердің импортын алмастыруды ұйымдастыруды талап етеді.

БҚ отандық өндірушілер бөлігін мамандандыру бағыты мемлекеттік тапсырыстан лицензиялық БҚ өндірісіне, сұраныстағы өнімдер сыныбының импорт ауысуынан бастап, халықаралық нарыққа шығуға дайын өзіндік өндірістік кластерін қалыптастыру мүмкіндігін береді.

Бағдарламалық өнімдерді қолдануға дайын, өндіріс және дистрибуция саласында біліктіліктің жоғарылауы мен жинақталуы, отандық компанияларға шетелдік нарыққа тез қол жеткізу мүмкіндігін береді. Дайын БҚ-ның болуы, отандық компанияларға экспорт бойынша нақты және жемісті келіссөздер

жүргізу мүмкіндігін береді. Одан басқа, дайын БҚ-мен соңғы тұтынушылармен байланыста шығындарды төмендетіп, жергілікті дистрибьютерлік/серіктестік желілер арқылы шетел нарығына шығуға болады.

БҚ және IT-қызметтері секторының экспорттық әлеуетін дамыту Қазақстанның алдында БҚ-ны жобалау мен әзірлеу және IT-қызметтерін көрсетудің әлемдік нарығында өзінің мамандандырылуын айқындау міндеті тұр. Қазақстандық IT-бизнестің шетел нарықтарына, ең алдымен, кеңестен кейінгі елдерге өктемдік саясаты мемлекеттің, оның ішінде, үкіметаралық келісімдер шеңберінде қолдауына негізделетін болады.

Экспорттық әлеуетті дамыту БҚ мен IT-қызметтерінің ішкі нарығының дамуысыз, бәсеке ортасын жасаусыз, отандық тұтынушылар үшін ірі жобаларды іске асыру тәжірибесін алусыз (инкубациялық кезең) мүмкін емес. Тек ішкі нарықта жемісті даму, қазақстандық IT-кәсіпорындарына IT-тауарлары мен қызметтерінің халықаралық нарығына шығу мүмкіндігін береді.

БҚ мен IT-қызметтерін әзірлеу секторының экспорттық әлеуетін дамыту стратегиясы сыртқы нарықтағы бәсекелестермен салыстырғанда отандық IT-кәсіпорындарына бәсекелік артықшылықты беретін, ішкі нарықтың жұмыс шарттарын құрудан тұратын болады. Осы стратегияны іске асыру шеңберінде мемлекет мынадай қолдау шараларын ұсынатын болады:  
шетелдік IT-мамандардың Қазақстанға кіру және жұмысқа жалдау ережелерін оңайлату ;

егер осы жобаларды іске асырудағы қазақстандық IT-компаниялар жұмысының үлесі 70%-дан кем болмаған жағдайда, IT-жобаларын қаржыландыруға мұқтаж шетелдеріне несиелерді беру.

Бұдан басқа, БҚ және IT-қызметтері секторының экспорттық әлеуетін дамыту үшін мыналар қажет :

«Алатау» АТП АЭА-ны әрі қарай инфрақұрылымдық дамытуды жүзеге асыру ;

IT-жобаларын іске асыру үшін офсеттік келісім тетігін заңнамамен бекіту. Офсеттік келісім тетігі ҮИИД МБ шеңберінде мемлекеттен ірі тапсырыс алатын, шетел компаниясы қазақстандық IT-компанияларына IT-жобаларына мердігерлікті ұсыну жолымен, IT-нарығының дамуына алынған қаржының бөлігін инвестициялау қажет.

#### **4.3.5. Жоғары технологиялық жабдықтың отандық өндірісін дамыту**

**Ескерту. 4.3.5-тарауға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.20 № 834, 2012.10.31 № 1385 Қаулыларымен.**

Қосымша құны жоғары және еңбек өнімділігінің деңгейі жоғары АКТ-өнімін өндіруді дамыту, дайын өнім импортын ел аумағында төмендету және жергілікті қамтуды 10%-ға дейін жоғарылату арқылы ел экспорты құрылымындағы жоғары



технологиялық өнімдер үлесін арттыру.

Ішкі нарықтың шектеулі сыйымдылығы және микроэлектрондық құрамдастардың дамыған отандық өндірісінің болмауынан осы бағытты дамыту стратегиясы жетекші әлемдік өндірушілермен бірлесіп, импортталатын құрамдастар негізінде құралатын өндірістерді ұйымдастыру болып табылады, олар технологиялар трансфертті және ең алдымен аймақтық, сыртқы нарықтарға шығуын қамтамасыз ететін болады.

Сонымен қатар, қазақстандық компаниялар кең танымал (мысалы, дербес компьютерлерді жинау және өткізу) немесе көпжылдық өндіріс дәстүрі бар салаларда Қазақстан аумағындағы өндірісті дамытуды ынталандыратын ішкі кепілді тапсырысты, типтік жабдықтың ірі жыл сайынғы тапсырыстарын қалыптастыру арқылы қосымша құны неғұрлым жоғары өндіріс кезеңдеріне көшу бойынша алғышарттарды жасау қажет.

Бұдан басқа, ҮИИД МБ-ны жүзеге асыру шеңберінде, құрамына мыналар кіретін, ІТ саласына тікелей инвестицияларды тарту үшін жағымды жағдайлар жасау көзделген:

Қазақстан Республикасы аймағындағы инвесторлар қызметін құқықты қорғау кепілі;

«Алатау» АТП АЭА-ның инфрақұрылымын дамыту.

Жоғары технологиялық өндірістерді орналастыру үшін АТП АЭА-ның инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатымен мемлекетпен шаралардың мынадай кешені іске асырылады:

2010 - 2015 жылдарға арналған «Алатау» АТП АЭА-ны дамыту бойынша жаңа Тұжырымдаманың негізінде АТП АЭА-ның инфрақұрылымын дамыту қамтамасыз етілді;

Алматы қаласының бірқатар оқу орындарын (Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Қ. И. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті және ІТ мамандарына дайындайтын жетекші тағы да басқа жоғарғы оқу орындары) кеңейту үшін студенттер мен оқытушыларға арналған жатақханалар, оқу корпустары мен зертханалары бар білім орталығы құрылды;

компьютерлік-коммуникациялық қондырғылардың отандық өндірушілері үшін ұзақ мерзімді тапсырыстар қоржынын қалыптастыру тетігі жасалды және іске асырылды.

«Алатау» АТП АЭА-ның инвестициялық тартымдылығын жоғарылату мақсатында жабдықтар мен қызметтердің ірі өндірушілерімен мәмілелер жасасқанда офсеттік тетікті іске асыру жолымен жергілікті қамтуды жоғарылатудың мемлекеттік саясаты әзірленетін болады.

Мемлекет ҮИИД МБ шеңберінде елдің ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту мақсатында ІТ және басқа да салалардағы ғылыми-зерттеулерді жүргізетін



отандық компанияларға көмек көрсетуге дайын. Осындай қолдау шараларының бірі болып, «Өнімділік-2020» бағдарламасы саналады, олар мынадай құралдарды көздейді: несиелер/лизингтер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау; инновациялық гранттар; конструкторлық бюро құру; басқару технологияларына е н г і з у .

Бұдан басқа, АКТ саласында елдің зерттеу әлеуетін қалыптастыру және дамыту мақсатында бағдарламада шетелдік серіктестердің қатысуымен ақпараттық технологиялардың ғылыми-зерттеу институтын құру мәселесін қарастыру көзделген. Қазақстан Республикасында ақпараттық технологиялардың ғылыми-зерттеу институтын құрудың АКТ бойынша ғылыми зерттеулер мен технологиялық әзірлемелер, стандарттау және нормативтік құжаттамалар, сертификаттау және метрология, жобалау-консалтингтік және коммерциялық қызмет салаларындағы мәні зор.

Жалпы, озық әлемдік индустриялық парктердің тәжірибесін ескере отырып, IT саласындағы ағымдағы инвестициялық жобалармен қатар, жаңа жоғары тәуекелді старт-аптарды қаржыландыру жөніндегі мамандандырылған ұйымдарды құру қажет. Мемлекеттік қаржыландыру жобаны іске қосудың алғашқы кезеңінде ұсынылуға тиіс, жобаның толық қуатқа шығуында жоба коммерциялық қаржыландыруға көшуі мүмкін. Мамандандырылған қаржы ұйымы әр жобаның ерекшелігін ескере отырып, қаржыландырудың барлық түрлерін ұсынуға тиіс. Қаржы ұйымдарының алдына қойылатын негізгі міндет IT-компанияларының қарыздық жүктемесін төмендетуге және жоғары технологиялық жабдықтың импортталуын алмастыруды арттыруға жәрдемдесу болып табылады. Бұл ретте, «Алатау» АТП АЭА базасында жоғарғы технологиялар саласындағы инвестициялық IT-жобаларды қаржыландыру жөніндегі мамандандырылған ұйымдар шеңберінде болашағы бар IT-старт ап зерттеулерді қолдау мен дамыту және оларды одан әрі нарыққа шығару үшін бизнес-платформаны құруға мүмкіндік беретін бизнес-инкубаторларды енгізу.

#### **4.3.6. Ақпараттық коммуникациялар саласында білім беруді дамыту**

**Ескерту. 4.3.6-тарауға өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.29 № 1644 Қаулыларымен.**

Қазақстан Республикасының АКТ саласын дамыту үшін кадрлық әлеуетті қ а л ы п т а с т ы р у .

АКТ-ны дамыту қажеттілігін ескере отырып, заманауи халықаралық стандарттарға сәйкес кадрларды дайындау жүйесін құру өткір проблемасы тұр.

АКТ саласында кәсіби және жоғары білімді дамыту үшін оны нарық талабына жақындату, мамандарға және оларды дайындауға тапсырысты қалыптастыруда бизнес рөлін күшейту қажет. АКТ мамандықтары түлектерінің саны (2008 жылы — 5300 адам) және оларды дайындау сапасы саланың болжанған мұқтаждығын

камтамасыз етпейді. Жалпы сарапшылардың бағасы бойынша саладағы мамандар қажеттілігінің өсуі 50% ғана.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, елдің үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде мынадай іс-шаралар көзделген:

ақпараттық коммуникациялар саласындағы әлеуеттік мамандықтарға қойылатын талаптар бөлігінде біліктілік анықтамалығына өзгерістер енгізілетін болады, кадрларды даярлау жөніндегі салалық кеңес құрылады және сертификаттаудың тәуелсіз жүйесі енгізіледі;

ақпараттық-коммуникациялық мамандықтар бойынша жоғары оқу орындары түлектерінің санын жыл сайын 8000 маманға дейін ұлғайту;

ақпараттық-коммуникациялық мамандықтар бойынша Қазақстан колледждерінде оқыту үшін мемлекеттік гранттар санын ұлғайту;

жаңа білім беру технологиялары мен халықаралық IT-білім беру стандарттарының трансферті мақсатында отандық ЖОО-ның шетел университеттерімен ынтымақтастығын дамыту;

IT-білім беру саласындағы өңірлік көшбасшы ретінде Ақпараттық технологиялардың халықаралық университетін, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу жөніндегі орталықты дамыту;

жыл сайын 300 студент даярлай отырып, ақпараттық коммуникациялар саласында техникалық мамандар даярлау бойынша үш өңірлік колледж құру;

ірі отандық және халықаралық АКТ компанияларымен бірлесіп, Қазақстанның ЖОО-да АКТ саласында ғылыми-зерттеу зертханаларын және оқу кафедраларын ашу, оның ішінде АТП АЭА салудың 1-кезегінің қолданыстағы мүліктік кешені базасында ғылыми-техникалық орталық құру;

АКТ-мамандары мен білім беру ұйымдары оқытушыларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлайтын екі оқу орталығын құру;

Қазақстанның жетекші АКТ-компанияларының Қазақстанның АКТ-саласы үшін біліктілігі жоғары мамандар даярлау мақсатында отандық ЖОО базасында бірлескен магистрлік бағдарламалар құру.

#### **4.3.7. Электрондық қызметтерді және ЭҮ-ні дамыту**

**Ескерту. 4.3.7-тарау жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.29 № 1644 Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қаулысымен.**

Озық ақпараттық технологияларды қолдану жолымен әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызметтердің тиімділігі мен оларды халыққа ұсыну сапасын арттыру мақсатында Бағдарламаны іске асыру шеңберінде электрондық түрде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің ұдайы артып отыруын ескере отырып, мемлекеттік органдар мен әкімдіктердің ақпараттық жүйелерін қалыптастыру

және дамыту жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру жоспарлануда. Бағдарламаның осы бағыты шеңберіндегі түйінді міндеттердің бірі мемлекеттік органдардың ақпараттық қажеттіліктеріне, сондай-ақ оның құзыретіне кіретін мемлекеттік қызметтерді көрсету үдерістерін оңтайландыру және автоматтандыру жөніндегі жоспарларға байланысты мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен ақпараттық ресурстарды ықпалдастыруға жататын барлық ЭҮ-нің құрауыштарымен кезең-кезеңімен ықпалдастыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл ретте мемлекетпен өзара іс-қимыл жасаудың электрондық арнасына халықтың сенімін қамтамасыз етудің негізгі шарты ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуы және ақпараттық ресурстар мен жүйелердің кепілдендірілген үздіксіз жұмыс істеуі болып табылады.

Бағдарламаның осы бағыты шеңберінде негізгі міндеттерді іске асыруды 3 кезеңде жүзеге асыру жоспарлануда.

Бірінші кезең (2009 - 2010 жылдар) барысында мыналарды қамтамасыз ету қажет:

1) ведомстволық ақпараттық жүйелер арқылы жалпы функциялар шеңберінде мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің қызметтерін автоматтандыруды және ықпалдастыруды жүргізу;

2) жұмыстарды және «электрондық үкіметтің» базалық құрамдастарын пайдалануға беруді аяқтау;

3) мемлекеттік органдардың ведомстволық және ведомствоаралық ақпараттық жүйелерін құру, дамыту және сүйемелдеу;

4) мемлекеттік қызметтердің тізіліміне кіретін мемлекеттік қызметтерді көрсету стандарттары мен регламенттерін әзірлеу;

5) IT қолдану бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін және электрондық форматтағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасын бағалауды жүргізу үшін әдіснамалық және құқықтық негіздерді жасау;

6) мемлекеттік органдардың және олардың құрылымдық бөлімшелері басшыларының сәулеттік тәсілді және «электрондық үкіметтің» нысаналық құрылымының іске асырылуын қолдауды қамтамасыз ету қажеттілігі туралы хабардарлығын арттыру.

Екінші кезеңде (2011 - 2012 жылдар) мыналарды жүзеге асыру қажет:

1) мүдделі мемлекеттік органдардың, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың қызметін ведомствоаралық ақпараттық жүйелер арқылы автоматтандыру және ықпалдастыру;

2) мемлекеттік органдардың серверлік орталығына мемлекеттік органдардың серверлік жабдықтарын кезең-кезеңмен ауыстыру;

3) типтік ақпараттық жүйелердің тізбесін кейіннен іске асыру үшін іріктеу

ж ә н е

а й қ ы н д а у ;

4) мұрағат ісі және құжаттама саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбе мен істер номенклатурасына сәйкес сақтау мерзімі 5 жылға дейінгі құжаттарға қатысты электрондық форматтағы ведомствоаралық құжат айналымына көшу;

5) жеке және заңды тұлғалардың арасында электрондық қызметтерді ж ы л ж ы т у ;

6) «өмірлік ахуалдар» (жеке тұлғаларға арналған) не «бизнес-ахуалдар» (заңды тұлғаларға арналған) қағидаты бойынша ықпалдастырылған жекелеген мемлекеттік органдардың бірнеше қызметтерін көрсету үдерісін ықпалдастыру негізінде композиттік қызметтерді іске асыруға көшу;

7) мемлекеттік қызметтерді көрсету үдерісін оңтайландыру және автоматтандыру жөніндегі жоспарларды әзірлеу;

8) мемлекеттік органдардың ақпараттық қажеттіліктеріне қарай барлық мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен ақпараттық ресурстарды ықпалдастыруға жататын ЭҮ құрауыштарымен кезең-кезеңімен ықпалдастыру;

9) «электрондық үкімет» құрылымын қалыптастыру және эталондық ү л г і л е р і н т о л ы қ т ы р у ;

10) «электрондық үкімет» құрылымын дамыту саясатын әзірлеу және бекіту;

11) мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бөлігі үшін нысаналық құрылымды әзірлеу және бекіту.

Үшінші кезеңде (2013 - 2014 жылдар) мыналарды қамтамасыз ету қажет:

1) мемлекетаралық шлюз арқылы мемлекетаралық ақпарат алмасу;

2) «электрондық үкіметтің» базалық құрауыштарын одан әрі дамыту;

3) мемлекеттік бұлыңғырдың бірінші кезегін жасау және мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен ЭҮ базалық құрауыштарын «бұлыңғыр» платформаға а у ы с т ы р у ;

4) оларды бейімдеу және дамыту мүмкіндігімен іске асырылған IT-шешімдерді қайта пайдалану үшін жағдайлар жасау және қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу;

5) мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар деңгейінде типтік шешімдерді әзірлеу және енгізу;

6) мемлекеттік жария ақпаратқа қолжетімділікті ұсыну және азаматтардың «электрондық үкімет» құрауыштары арқылы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысуын қамтамасыз ету;

7) пайдаланушылардың талаптарына сәйкес «электрондық үкімет» порталы арқылы ұсынылатын электрондық қызметтер мен контентті дербестендіру;

8) мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың нысаналық құрылымын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды одан әрі жүргізу;

9) мемлекеттік органдар ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен

бірлесіп жүргізетін, әзірленіп отырған шешімдер мен IT-инвестициялардың мемлекеттік органдардың нысаналық құрылымына сәйкестігін бақылау.

«Электрондық үкіметті» іске асыру кезеңдері:

Бағдарламаны іске асыру жылдары	2010	2011-2012	2013-2014
ЭУ бағытының атауы	Даму кезеңдері		
Ақпараттық өзара іс-қимыл жасау деңгейі	тік ведомстволық	көпденең ведомствоаралық	мемлекетаралық
ЭУ базалық құрауыштары	қалыптастыру	тиімділігін арттыру	инновация
ЭУ инфрақұрылымы	дамыту	оңтайландыру	инновация
МО АЖ	дамыту	ықпалдастыру	типтендіру
Ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасау	қағаз және электрондық тасымалдаушымен паралельді	құжат айналымының электрондық форматына ішінара көшуі	
Мемлекеттік қызметтер	стандарттау және регламенттеу	оңтайландыру	ықпалдастыру және көшіру
Құрылымдық тәсілді енгізу деңгейі	құрылымдық шешім ұғымының болмауы	құрылымдық тәсілден хабардар болу және қолдау	құрылымды әзірлеу
ЭУ жетілу деңгейі	транзакциялық		ықпалдастырылған

Бағдарламаның белгіленген мақсаттарын орындау мынадай бағыттар бойынша топтастырылған мемлекеттік қызметтерді ұсыну үдерістерін оңтайландыруға және автоматтандыруға бағытталған қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жобаларды іске асыру жолымен қамтамасыз етіледі:

1) мемлекеттік қызметтерді электрондық түрге ауыстыруды қамтамасыз ету мақсатында ақпараттандыру саласындағы нормативтік-құқықтық базаны дамыту;

2) Қазақстан Республикасында ЭУ құрылымын дамыту;

3) ақпараттық қауіпсіздіктің талаптарын сақтауды және ақпараттық ресурстар мен жүйелердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді ескере отырып, электрондық мемлекеттік қызметтерді ұсыну және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін ақпараттық (ведомствоаралық, ведомстволық және ЖАО) жүйелерді қалыптастыру және дамыту;

4) мемлекеттік саясатты қалыптастыруға жұртшылықтың қатысуы мен жұмылдырылуын қамтамасыз ету және мемлекеттік органдардың қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен қол жетімділігін арттыру;

5) электрондық қызметтерді және ЭУ-ні ілгерілету;

6) мемлекеттік органдардың IT-ді қолдану жөніндегі қызметтердің тиімділігін және мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта көрсетудің тиімділігін

**б а ғ а л а у .**

*Мемлекеттік қызметтерді электрондық түрге ауыстыруды қамтамасыз ету мақсатында ақпараттандыру саласында нормативтік құқықтық базаны жетілдіру*

**Ескерту. Кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385**

## Қ а у л ы с ы м е н .

Электрондық мемлекеттік қызметтерді ұсыну тетіктерінің сапалы жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қолданыстағы мемлекеттік қызметтер көрсету тетіктерін дамыту қажет етіледі. Оның нәтижесінде Бағдарлама шеңберінде:

- 1) электрондық мемлекеттік қызметтердің үлгілік регламентін, электрондық мемлекеттік қызметтердің регламенттерін әзірлеу және мемлекеттік қызметтердің стандарттарына тиісті өзгерістер енгізу;
- 2) мемлекеттік органдардың өз құзыретіне кіретін электрондық мемлекеттік қызметтерді көрсетуді қамтамасыз ету мерзімдерін әзірлеу және бекіту;
- 3) ЭҮ ақпараттық жүйелерін пайдалану үшін нормативтік-анықтамалық ақпараттың бірыңғай жүйесін әзірлеу;
- 4) автоматтандыруға жататын мемлекеттік органдардың үлгілік функцияларының (үдерістерінің) тізбесін қалыптастыру.

Бұдан басқа, ақпараттандыру мәселелерін регламенттейтін тиісті құжаттарға:

- 1) мемлекеттік ақпараттық жүйелер функционалдығының, деректері мен құрауыштарының қайталануын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» құрылымына сәйкес мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құру және дамыту үдерістерін құрылымдау және регламенттеу;
- 2) ақпараттық жүйелерді енгізу кезінде МО-ның автоматтандырылатын бизнес-үдерістерін міндетті түрде қайта жобалау (реинжиниринг) жөніндегі т а л а п т а р д ы б е л г і л е у ;
- 3) ақпараттық технологияларды қолдану бойынша облыстардың республикалық маңызы бар қаланың, астананың орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін ж е т і л д і р у ;
- 4) МО қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік органдардың интернет-порталының сервисін пайдалануды қамтамасыз ету;
- 5) олардың бейімделу және даму мүмкіндіктерімен іске асырылған IT-шешімдерді қайта пайдалану қағидатын енгізу;
- 6) ЭҮ интернет-ресурстарының және мемлекеттік интернет-ресурстарының контентін қолдауға қойылатын бірыңғай техникалық және әдістемелік т а л а п т а р д ы ә з і р л е у ;
- 7) АКТ саласында жаңа стандарттарды өзектендіру, үйлестіру және әзірлеу;
- 8) ТЭН-ді әзірлеуге, сараптауға қойылатын талаптарды жетілдіру бөліктерінде түзетулер енгізу мәселесі қаралатын болады.

*Қазақстан Республикасындағы «электрондық үкімет» құрылымын дамыту*

Өзара байланысты «электрондық үкіметті» кезең-кезеңімен құруды немесе дамытуды іске асыру мақсатында құрылымның ағымдағы жай-күйін талдау және орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың мақсатты

құрылымын әзірлеу мәселесін қарау қажет.

Бұдан басқа, БИЖ ТЭН-ге ұсынылған қаржылық есептердің ашықтылығы мен сапасын арттыру мақсатында ақпараттық жүйелерді құрудағы, дамытудағы және сүйемелдеудегі шығындардың нормативтерін әзірлеу және оларды пайдалануды бекіту қажет.

Екінші жағынан, мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен ақпараттық ресурстар мен олардың жұмыс істеу циклының үйлесімділігіне, ашықтығы мен қол жетімділігіне қойылатын талаптар ЭҮ құрылымын дамыту саясатында ескерілетін болады. Бұл ретте жұмыс істеу циклы тұжырымдамалық пайымдауды қалыптастырғаннан бастап жүйені пайдалануға енгізілгенге дейін үдерістер мен жобаларды іске асыру мерзімдерін регламенттейтін болады.

Осыған байланысты жоспарланатын, іске асырылатын және пайдаланылатын IT-жобаларын есепке алу және мониторингі жүргізу қамтамасыз етілетін болады. Жүйелі негізде шешімдерді іске асыру және жүйелерді пайдалануға енгізу үдерісінде әзірленген шешімдердің ЭҮ-ні дамыту саясатында қалыптасқан талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізілуге тиіс.

*Ақпараттық қауіпсіздік және ақпараттық ресурстар мен жүйелердің үздіксіз қызмет көрсету талаптарын сақтауды ескере отырып, электрондық мемлекеттік қызметтерді ұсыну және мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру үшін ақпараттық жүйелерді қалыптастыру және дамыту (ведомствоаралық, ведомстволық және ЖАО)*

*Жеке және заңды тұлғаларға электрондық қызметтерді ұсыну үшін ведомствотаралық АЖ-ны одан әрі дамыту*

**Ескерту. Кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қ а у л ы с ы м е н .**

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде «Жеке тұлғалар», «Заңды тұлғалар», «Жылжымайтын мүлік тіркелімі», «Мекенжай тіркелімі», мемлекеттік дерекқорларын жаңғырту жүргізілетін болады.

Сонымен бірге, мыналар одан әрі дамытылатын болады:

1) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен ықпалдастыру бөлігінде электрондық мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін ЭҮ-нің веб-порталы мен шлюзі. Бизнес-үдерістер, мемлекеттік қызметтерді ұсынудың регламенттері мен стандарттары туралы ақпаратты өзектілендіру, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында ЭҮ веб-порталында «Мемлекеттік қызметтердің электрондық тізілімі» іске асырылады ;

2) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен және екінші деңгейдегі барлық банктердің ақпараттық жүйелерімен ықпалдастыру бөлігінде ЭҮ төлем ш л ю з і ;



3) халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсетуді мониторингілеу мақсатында Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы Республиканың бүкіл аумағында мемлекеттік қызметтерді ұсынуды есепке алу үдерістерін автоматтандыру бөлігінде Халыққа қызмет көрсету орталықтары үшін ықпалдастырылған а қ п а р а т т ы қ ж ү й е ;

4) «е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры рұқсат беру құжаттарын автоматтандыру бөлігінде, нәтижесінде 2014 жылдың соңына қарай барлық рұқсат беру құжаттары электрондық түрде пайдалану үшін қолжетімді болады.

Электронды мемлекеттік қызметтердің пайдаланушылардың сәйкестендірілуі мен құқықтарын басқарудың бірыңғай жүйесі әзірленеді.

Бұдан басқа, мемлекеттік қызметтерді алу үшін талап етілетін электрондық нысандардың бірыңғай қоймасы жасалады. Сонымен қатар, пайдаланушылардың ЭҮ-мен жұмыс істеуінің ыңғайлы болуын жақсарту және мемлекеттік қызметтерді қабылдап алушылармен өзара іс-қимыл шеңберінде бір терезе қағидатын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдардан келіп түсетін ақпаратты соның ішінде, хабарландыруларды, ресми поштаны, күн тәртіптері мен хабарламаларды жинауды, сақтауды және оларға тікелей қол жеткізуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ЭҮ пайдаланушысының жеке кабинетінің функционалын дамыту бөлігінде ЭҮ веб-порталын жаңғырту мәселесі қаралатын б о л а д ы .

Ақпараттық ресурстар мен жүйелердің үздіксіз қызмет етуін қамтамасыз ету, сондай-ақ бюджеттік қаражаттың жұмсалуды оңтайландыру үшін ақпараттандырудың аутсорсингтік үлгісіне (G-cloud) көшу көзделуде. G-cloud-қа көшу шеңберінде мемлекеттік «бұлыңғыр» платформасының бірінші кезегін жасауға көшу көзделіп отыр, бұл мемлекеттік органдарға өздерінің ақпараттық жүйелеріне арналған есептеу қуаттарын тиімдірек пайдалануға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, ЭҮ ішкі контуры ретінде мемлекеттік органдардың қызметін одан әрі автоматтандыру арқылы мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында мыналар жоспарлануда:

1) қағазсыз құжат айналымына көшу мақсатында ақпараттық ресурстар мен жүйелерді қорғау бөлігінде ақпараттық қауіпсіздік талаптарын ескере және «бұлыңғыр» есептеулерді қолдана отырып электронды құжат айналымы жүйесін жаңғырту ;

2) «бұлыңғыр» есептеулердің базасында мемлекеттік органдардың бірыңғай пошталық қызметін құру мәселесін қарастыру;

3) мемлекеттік қызметшілердің өзара іс-қимыл деңгейін арттыру үшін әлеуметтік-бағдарланған және ведомствоаралық сервистерді дамыта отырып мемлекеттік органдардың интранет-порталын жаңғырту;

4) кадрлық есептің және еңбекақы берудің (е-кадр және е-еңбекақы)



орталықтандырылған жүйесін құру;

5) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қаулысымен;

б) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильдік кеңсесі» ақпараттық жүйесін құру.

Қазақстан, Ресей және Белоруссия арасындағы Кеден одағы шеңберінде мынадай іс-шараларды іске асыру ұсынылады:

1) ақпарат алмасу үшін мемлекетаралық шлюз құру;,  
2) лицензиялар мен рұқсат құжаттарының бірыңғай үлестірмелі тізілімін құру ;

3) мемлекетаралық электрондық құжат айналымының заңға сәйкестігін растау үшін сенім білдірілген үшінші тарапты құру.

*Жеке және заңды тұлғаларға электрондық қызметтер көрсету үшін мемлекеттік органдардың ведомстволық ақпараттық жүйелерін қалыптастыру және дамыту*

Электрондық мемлекеттік қызметтер ұсыну мақсатында мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесін құру, дамыту және ықпалдастыру жөніндегі жұмыстар орындалады.

Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын құру, олардың жұмыс істеуі және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету стандартын әзірлеу мәселесі қарастырылады.

Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың іске асырылатын ақпараттық жүйелерінің барлығын бірыңғай ЭҮ құрылымының талаптарына сәйкестігі нысанына ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органда міндетті сараптамадан өткізу мәселесі қарастырылады.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін дамыту мемлекеттік органдардың өздерінің құзыретіне кіретін электрондық мемлекеттік қызметтерді көрсетуді қамтамасыз етудің бекітілген мерзімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының әділет департаменттерінің, Қазақстанның бүкіл аумағы бойынша аумақтық нотариаттық палаталар мен нотариустар жүйесіне қосу бөлігінде «Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдинг» акционерлік қоғамы Е-нотариат инвестициялық жобасын іске асыруды жалғастырады.

*Электрондық қызметтерді ұсыну үшін жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелерін (е-әкімдік) құру және дамыту.*

Жеке және заңды тұлғаларға ЖАО-лардың әлеуметтік маңызы бар қызметтерді көрсету үдерістерін автоматтандыруды және қайта жобалауды (реинжиниринг) қамтамасыз ету үшін ақпараттық жүйелерді құру және дамыту, сондай-ақ Алматы мен Астана қалаларының және облыстар әкімдіктерінің техникалық жарақталуын жаңғырту жоспарланады. Алматы және Астана қалалары мен облыстар әкімдіктерінің 5 жылға арналған аумақтық даму

бағдарламаларының ақпараттандыру жөніндегі бөліміне ұсыныстар әзірлеу жоспарланады (бұдан әрі - ұсыныстар).

Ұсыныстар шеңберінде «ЭУ шлюзінің бағыныңқы жүйесі ретіндегі өңірлік шлюз» ақпараттық жүйесін, сонымен қатар әкімдіктер әзірлеген ақпараттық жүйелерді қолдану арқылы ЖАО-ның электрондық қызметтерін алғашқы кезекте енгізу үшін қажетті іс-шаралар қарастырылған.

Өңірлік шлюз арқылы әкімдіктердің ақпараттық жүйелерінің ЭУ инфрақұрылымына, оның ішінде ЭУ-нің мынадай базалық құрауыштарына: ЭУ шлюзіне, төлем шлюзіне, ЭУ веб-порталына, ұлттық куәландыру орталығына, орталық мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне және мемлекеттік дерекқорға қол жетімділігі қамтамасыз етілетін болады.

2014 жылы 14 облыстық әкімдіктердің, республикалық маңызы бар 2 қалалық әкімдіктің ақпараттық жүйелерін өңірлік шлюзге қосу және жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік маңызы бар кемінде 20 мемлекеттік қызметін электрондық түрге өткізу жоспарлануда.

*Мемлекеттік саясатты қалыптастыруға жұртшылықты тартуды және жұмылдыруды қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың қызметі туралы ақпараттың ашықтығын және қол жетімділігін арттыру.*

Жеке және заңды тұлғалардың өзекті және сенімді мемлекеттік жария ақпаратқа қол жеткізуінің тиімді тетіктерін құру мақсатында машина оқитын форматтағы мемлекеттік жария ақпаратқа орталықтандырылған қол жетімділікті ұсыну үшін «opendata.gov.kz» порталын құру мәселесі қарастырылатын болады.

ЭУ веб-порталында заңнаманы және мемлекеттік саясатты қалыптастыруға жұртшылықтың тікелей қатысуын ұйымдастыру мақсатында электрондық өзара іс-қимыл жасаудың бірыңғай тұғырнамасын құру және мемлекеттік органдардың жұмысы туралы азаматтардың ұсыныстарын ілгерілету, мемлекеттік органдардың қызметін, құқықтық нормативтік актілер жобаларына талқылау жүргізу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын қалыптастыруда азаматтардың қатысу мүмкіндіктері мәселесін қарастыру қажет.

Жеке және заңды тұлғалардың осы ресурстарды контентті пайдалануы мен құрылымының эргономикалық және тұжырымдамалық тәсілін қамтамасыз етуге, оның ішінде мобильді нұсқалар мен мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған нұсқаларды және қолдану арқылы мүмкіндік беретін бірыңғай тұғырнамалар шеңберінде мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарына сәйкестендіру жүргізу мәселесі қаралатын болады.

*Жеке және заңды тұлғалар арасында электрондық қызметтерді ілгерілету*

Электронды қызметтерге қол жеткізу тетіктерін дамыту жеке және заңды тұлғаларды кең жолақты Интернетке қосу, мобильді сервистерді дамыту, қоғамдық қатынау орталықтары жүйесін кеңейту (ҚҚО), жеке тұлғаларға

консультативтік көмек көрсету үшін СаІІ-орталықтарды және қашықтан оқыту орталықтарды дамыту арқылы жүзеге асырылатын болады.

Мобильді байланыс операторымен өзара іс-қимыл жасау арқылы мобильді сервистерді ұсынуға ерекше көңіл бөлінетін болады.

Халыққа кэш-терминалдар арқылы қызметтерді пайдалану және қолма-қол төлемдерді жүргізу мүмкіндігін ұсыну жоспарланып отыр.

Бағдарлама шеңберінде ақпараттық теңсіздікті еңсеру және халыққа өз қажеттілігін қанағаттандыру үшін Интернетті практикалық қолдануды оқыту жұмыстары жалғастырылады. ЭҮ ақпараттық жүйелерінде жұмыс жасау негіздерін оқыту үшін оқыту бағдарламалары мен қашықтан оқыту бағдарламаларын әзірлеу жоспарланып отыр.

ІТ-жобаларды іске асыру арқылы электрондық қызметтердің спектрін кеңейту мақсатында мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетігін қолдану жоспарланып отыр.

Электрондық қызметтерді және ЭҮ-ні ілгерілету мемлекеттік және мемлекеттік емес БАҚ-тың қатысуымен белсенді РК-саясат жүргізу, жарнамалық науқан, сонымен қатар Интернет арқылы ұйымдастыруды қоса алғанда, сондай-ақ семинарлар, дөңгелек үстелдер, көрмелер және тағы басқа ЭҮ, электрондық коммерцияны жұртқа таныту есебінен іске асырылады.

*ІТ қолдану бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін және мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта көрсетудің сапасын бағалау*

**Ескерту. Кіші бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қ а у л ы с ы м е н .**

«Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі ақпараттық технологияларды қолдану және электрондық форматта мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасы бойынша орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалауды жүргізеді.

Ақпараттандыру саласындағы іс-шараларды іске асыру нәтижелерінің мониторингі мен бақылау тетіктері

Іс-шаралардың орындалуын ағымдағы бақылау әдістері:

Бағдарламаның тиімділігін бағалауды жүргізу және орындаушылар ұсынған ақпараттың негізінде Бағдарламаны іске асыру барысы туралы есепті дайындау;

мемлекеттік ІТ-жобалардың жұмыс істеу нәтижелерін бақылап тексеруді және оның аудитін жүргізу;

ақпараттық технологияларды пайдалану және электрондық түрде мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша орталық мемлекеттік және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау. Осының негізінде ішкі әкімшілік қызметті автоматтандыру және электрондық түрдегі мемлекеттік қызметтерді ұсыну үшін ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігін сандық бағалау беріледі.

Іс-шаралардың орындалуын бақылау тетіктері:

IT-жобаларды тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға тапсыру кезеңіндегі бақылау;

орындалған жұмыстар актілерінің және Бағдарлама іс-шараларын іске асыру шеңберінде міндеттемелерін орындауды растайтын өзге де құжаттардың көшірмелерін талап ету.

#### 4.4 Әрбір міндет бойынша нәтижелер көрсеткіштері

Ескерту. 4.4-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.20 № 834, 2011.12.29 № 1644, 2012.10.31 № 1385 Қаулыларымен.

Көрсеткіш	Өлшем бірл.	2014 жылдағы мәні	2014 жылдағы мәні	Қол жеткізу кезеңі
АКТ секторының ЖІӨ-дегі үлесі	%	3,5	3,8	Орта мерзімді
1. «Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды жаңғырту және дамыту» міндеті				
Телекоммуникация секторының ЖІӨ-дегі үлесі	%	2,2	2,8	Орта мерзімді
Ұялы байланыс абоненттерінің тығыздығы	100 тұрғынға	118,9	135	Орта мерзімді
Байланыстың тіркелген желілерінің тығыздығы	100 тұрғынға	24,9	26,8	Орта мерзімді
Интернет желісіне кеңжолақты қолжетімділік абоненттерінің тығыздығы	100 тұрғынға	5,3	15	Орта мерзімді
Телекоммуникациялардың жергілікті желілерін цифрландыру деңгейін арттыру, қала (ауыл)	%	88 (78)	100	Орта мерзімді
Мерзім шегінде жеткізілген хаттар мен сәлемдемелердің үлесі	%		99	Орта мерзімді
Пошта байланысының автоматтандырылған бөлімшелерінің үлесі	%		95	Орта мерзімді
Пошта байланысының ауылдық бөлімшелерін Құру және жаңғырту	бірл.		560	Орта мерзімді
Интернет пайдаланушыларының тығыздығы	100 тұрғынға	31,6	54,7	Орта мерзімді
Салалық стандарттау деңгейі халықаралық нормаларға дейін жеткізілген және Қазақстан				

Республикасында АКТ-ның дамуына ықпал ететін құқықтық негіз қалыптастырылған (үйлестірілген стандарттардың саны ақпараттық-коммуникациялық технологиялар стандарттарының жалпы санынан 76%)	%		76	Орта мерзімді
2. «Цифрлық телерадио хабарлар таратуды дамыту» міндеті				
Халықты эфирлік цифрлық телехабарлармен қамту	%	0	95	Орта мерзімді
Елді мекендерді спутниктік цифрлық хабар таратумен қамту	%	0	100	Орта мерзімді
3. Интернет желісінің қазақстандық сегментін дамыту				
Ұлттық мемлекеттік және коммерциялық ресурстарды ілгерілету	бірл.		10/20**	Орта мерзімді
4. Электрондық қызметтерді және ЭҮ-ні дамыту				
ҚР-да «электрондық үкімет» құрылымын дамыту				
«Электрондық үкімет» құрауыштар бар, ықпалдастыруға жататын барлық ақпараттық жүйелерді ықпалдастыру	%	МО-35; ЖАО-12	МО-100; ЖАО-100	Орта мерзімді
Мемлекеттік органдардың серверлік орталығында жабдықтарды орналастыратын мемлекеттік органдардың үлесі	%	7	55	Орта мерзімді
Мемлекеттік органдардың серверлік орталығының ресурстарын пайдалану көлемі	%	20	80	Орта мерзімді
Нысаналы құрылымға сәйкес ақпараттандыруды жоспарлайтын және жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың үлесі	%	0	20	Орта мерзімді
Нысаналы құрылымға сәйкес ақпараттандыруды жоспарлайтын және жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың үлесі	%	0	20	Орта мерзімді
«Электрондық үкімет» құрылымының эталондық үлгілерін МО және ЖАО ақпараттандыру қызметі мен жай-күйі туралы ақпаратпен толықтыру көлемі	%	0	100	Орта мерзімді
Ақпараттық ресурстар мен жүйелердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мен ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтауды есепке ала отырып, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және электрондық мемлекеттік қызметтерді ұсыну үшін ақпараттық жүйелерді (ведомствоаралық, ведомстволық және ЖАО) қалыптастыру және дамыту				
ХҚО арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізіліміндегі мемлекеттік қызметтердің үлесі	%	34	55	Орта мерзімді

«Электрондық үкімет» порталы арқылы электрондық форматта ұсынылатын әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызметтердің үлесі	%	15	100	Орта мерзімді
Автоматтандыруға жататын мемлекеттік органдардың функцияларын автоматтандырудың орташа деңгейі	%	МО-10; ЖАО-5;	МО - 80; ЖАО-40	Орта мерзімді
Мұрағат ісі және құжаттама саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге және істер номенклатурасына сәйкес сақтау мерзімі 5 жылға дейінгі құжаттарға қатысты қағаз көшірмесінсіз электрондық форматтағы ведомствоаралық құжат айналымының көлемі	%	МО-20; ЖАО-0	МО-100; ЖАО-100	Орта мерзімді
Электрондық оқыту жүйесі енгізілген орта және орта арнайы білім беру мекемелерінің үлесі	%	0	50	Орта мерзімді
Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша бірыңғай call-орталықтарға қосылған МО саны	%	0	МО-100; ЖАО-100	Орта мерзімді
<b>5. Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және IT-қызметтер секторын дамыту</b>				
IT-нарығының көлемі	млрд. тг	90	172	Орта мерзімді
Қазақстандық қамтудың IT-нарығының жалпы көлеміндегі үлесі	млрд. тг	6,3	55	Орта мерзімді
IT-нарығының жалпы көлеміндегі IT-қызметтерінің көлемі	млрд. тг	12,6	51,6	Орта мерзімді
IT-қызметтеріндегі жергілікті қамтудың үлесі	%	30	80	Орта мерзімді
IT-нарығының жалпы көлеміндегі қорабтық (лицензиялық) БҚ-нің көлемі	млрд. тг	6,3	25,8	Орта мерзімді
қорабтық (лицензиялық) БҚ-дің көлеміндегі жергілікті қамтудың үлесі	%	2	15	Орта мерзімді
<b>6. Жоғары технологиялық жабдықтың отандық өндірісін дамыту</b>				
IT-жабдықтары секторының көлемі	млрд. тг	71	94,6	Орта мерзімді
IT-жабдықтары секторының көлеміндегі жергілікті қамтудың үлесі	%	3	10	Орта мерзімді
100 адамға арналған дербес компьютерлер	%	20,8	25	Орта мерзімді
<b>7. Ақпараттық коммуникациялар саласында білім беруді дамыту</b>				
Халықтың компьютерлік сауаттылығы деңгейін арттыру	%	43,7	52	Орта мерзімді

Студенттерді Ақпараттық технологиялардың халықаралық университетінде оқыту	адам	400	1500	Орта мерзімді
2014 жылға қарай кем дегенде үш IT-колледждерін құру	бірл.	0	3	Орта мерзімді
Студенттерді IT-колледждерінде оқыту	адам	0	900	Орта мерзімді

Қосымша: Іске асырудың орта мерзімді кезеңі - 2014 жылға дейін

**4.5 Мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, міндеттерге, нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін жауапты мемлекеттік және өзге органдар**

**Ескерту. 4.5-кіші бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қ а у л ы с ы м е н .**

Көлік және коммуникация, Әділет, Индустрия және жаңа технологиялар, Экономикалық даму және сауда, Қаржы, Қоршаған ортаны қорғау, Білім және ғылым, Ішкі істер, Қорғаныс, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Ауыл шаруашылығы министрліктері, Бас прокуратура, Жоғарғы Сот, облыстардың, Алматы, Астана қалаларының әкімдіктері, «Зерде» Ұлттық ақпараттық-коммуникациялық холдингі», «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті», «Қазақтелеком», «Транстелеком», «Қазтелерадио», «Қазпочта» акционерлік қоғамдары, «Мобайл Телеком-Сервис», «КарТел», «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының «GSM Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері, Ұлттық телекоммуникациялық қауымдастығы, IT-компаниялардың қазақстандық қауымдастығы, Қазақстандық интернет қауымдастығы.

### **5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері**

**Ескерту. 5-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қ а у л ы с ы м е н .**

АКТ-саласын институализациялау және ұзақ мерзімді дамуға ресурстар жасау (2011 - 2012 жылдар).

«Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне АКТ және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Тұжырымдаманың және Заңның жобаларын әзірлеу;

IT-технологиялар және телекоммуникациялар саласында әдістемелік құжаттарды дайындау;

АКТ саласы тиімділігінің экономикалық көрсеткіштерін әзірлеу; телекоммуникациялар саласында базалық инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру;

Интернет желісіне кеңжолақты қолжетімділікті дамыту; сатуға шығарумен 5-тен кем емес Startup-жобаларды ұйымдастыру; АКТ саласында мемлекеттік тілді қолдануды дамыту;

АКТ саласын дамыту бойынша бірлескен іс-шараларды өткізу үшін халықаралық инвестициялық институттармен өзара іс-қимыл жасау; студенттерді ІТ-дайындау сапасын арттыру, ІТ-мамандарды қайта даярлауды ө т к і з у ;

отандық ІТ-өнімдерді ішкі нарықта жылжытуға жәрдемдесу;  
«Алатау» АТП АЭА-ны инфрақұрылымдық дамыту;  
АКТ саласының дамуына инвестициялық институттарды тарту;  
мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың ІТ-жобаларындағы ж е р г і л і к т і қ а м т у д ы а р т т ы р у ;

отандық ІТ-өнімдерді орналастыру үшін ақпараттық инфрақұрылымды ұ й ы м д а с т ы р у ;

қазақстандық және халықаралық компаниялармен және отандық ЖОО-мен бірге І Т - з е р т х а н а л а р а ш у ;

В2В және В2С мемлекеттік емес электрондық қызметтерді көрсету бойынша ж о б а л а р д ы і с к е а с ы р у ;

халықаралық талдау институттарын тартумен АКТ-саласының дамуына м о н и т о р и н г ж әне т а л д а у ж ү р г і з у ;

жоғары технологиялық жабдық шығару жөнінде өндіріс құру;  
«электрондық үкіметтің» бірыңғай құрылымын әзірлеу;

70-тен аса электрондық мемлекеттік қызметтер көрсету арқылы орталық және ж е р г і л і к т і а т қ а р у ш ы о р г а н д а р д ы а қ п а р а т т ы қ ж ү й е с і н д а м ы т у ;

Интернет желісінің қазақстандық сегментінде жаңа интернет-ресурстарды құру ж әне қ о л д а н ы с т а ғ ы л а р ы н д а м ы т у .

АКТ әлеуетін бизнестің, мемлекеттің және қоғамның тиімді қолдануы (2012-2 0 1 4 ж ы л д а р )

байланыстың жаңа стандарттарын толық ауқымды енгізу;  
жоғары технологиялық жабдықтардың экспортқа бағытталған өндірісін құру;  
сатуға шығарумен жаңа Startup-жобаларды ұйымдастыру;  
колледждер мен мектеп оқушыларын, оқытушылар құрамын ІТ-дайындау с а п а с ы н а р т т ы р у ;

отандық ІТ-өнімдерді халықаралық нарықта ілгерілетуге жәрдемдесу;  
«Алатау» АТП АЭА -ның өндірістік қуатын дамыту;  
инвестициялық институттардың АКТ саласын дамытуға қатысуын кеңейту;  
мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың ІТ-жобаларындағы ж е р г і л і к т і қ а м т у д ы а р т т ы р у ;

отандық ІТ-өнімдерді орналастыру үшін ақпараттық инфрақұрылымды д а м ы т у ;

қазақстандық және халықаралық компаниялармен және отандық ЖОО-мен бірге жаңа І Т - з е р т х а н а л а р а ш у ;



В2В және В2С мемлекеттік емес электрондық қызметтердің үлесін ұлғайту; халықаралық талдау институттарын тартумен АКТ-саласының дамуына мониторинг және талдау жүргізу; жоғары технологиялық жабдықты шығару жөніндегі өндірісті дамыту; Қазнетте жаңа интернет-ресурстар құру және қолданыстағыларды дамыту; құқық бұзушылық, әділет, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, туризм және спорт, еңбекті қорғау және әлеуметтік қорғау, қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын пайдалану, қаржы, статистика, сыртқы қатынастар, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында мемлекеттік органдардың АЖ-н ақпараттық жүйелерін құру, дамыту және ы қ п а л д а с т ы р у .

электрондық коммерция мен электрондық төлемдерді дамыту.

## 6. Қажетті ресурстар

Ескерту. 6-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қаулысымен.

Бағдарламаны 2010 - 2013 жылдары іске асыруға республикалық бюджетте көзделген жалпы шығындар мынаны құрайды:

жыл	жалпы шығындар	мынаны	құрайды:
2010 жыл	15 143 461	мың	теңге
2011 жыл	20 269 874	мың	теңге
2012 жыл	49 698 643	мың	теңге
2013 жыл	46 876 580	мың	теңге

Бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен қажетті қосымша қ а р а ж а т :

2014 жыл - 58 352 148 мың теңге.

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіткен кезде нақтыланатын болады.

## 7. Қазақстан Республикасында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамытудың 2010 - 2014 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 7-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.10.31 № 1385 Қаулысымен.

Р/с №	Іс-шаралардың атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері	Қаржыландырудың қажетті көлемдері (мың теңге)	Бю. бағ. код
1	2	3	4	5	6	7

1	АКТ-саласының нормативтік-құқықтық базасын және техникалық реттеуді жетілдіру					
«Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту» бағыты бойынша						
1.	Қазақстан Республикасы әскери басқарудың орталық атқарушы органының және байланыс саласындағы уәкілетті органның құзыретін бекіту бөлігінде «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамасын әзірлеу	Заң жобасының тұжырымдамасын БАК қарауына шығару	Қорғанысмині, ККМ	2012 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
2.	Байланыс қызметтерін (телефон, ұялы, деректерді беру және Интернет желісіне қол жеткізу) көрсету қағидаларын әзірлеу	ҚРҰҚ	БАМ	2011 жылғы 4-тоқсан	912	001
3.	Трафикті өткізу мен өзара есеп айырысу тәртібін қоса алғанда, телекоммуникация желілерін қосу және олардың өзара іс-қимыл қағидаларын әзірлеу	ҚРҰҚ	БАМ	2011 жылғы 4-тоқсан	6 087	001
4.	Әлемдік тәжірибені есепке ала отырып, әмбебап қызмет көрсету моделіне талдау жүргізу	ҚРҰ-ге ақпарат	БАМ, БҚА	2010-2011 жылдар	Талап етілмейді	
5.	Телекоммуникациялардың әмбебап қызметтерінің тарифтерін қайта теңгерімдеу жоспарын бекіту	ККМ бұйрығы	ККМ	2010-2013 жылдарғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
Техникалық реттеу						
6.	Кедендік одақтың техникалық регламенттерін әзірлеуге қатысу	ҚРҰ-ге ақпарат	ККМ	2011-2012 жылдарғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
7.	«Телефон байланысы қызметтерін ұсыну сапасының есептік нормалары» Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартын әзірлеу	ТРМК бұйрығы	БАМ, ИЖТМ	2011 жылғы 4-тоқсан	1 450	001
8.	Салалық стандарттаудың, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту саласындағы жыл сайынғы жоспарды әзірлеу	Бекітілген жоспар	ККМ, ИЖТМ	2011-2014 жылдарғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
9.	ҚР СТ ИСО 9001, ҚР СТ ИСО 27001, ҚР СТ ИСО/МЭК 20000-1 Ұлттық стандарттарына сәйкес менеджмент жүйесін енгізуді ынталандыру бойынша іс-шаралар өткізу	ИЖТМ-ге ақпарат	ККМ, «Зерде» АҚ (келісім бойынша)	2011-2014 жылдарғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	

10.	«Мемлекеттік органдардың электрондық ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерін, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық желілерін пайдалану және олардың өзара іс-қимыл жасау ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі төрағасының 2009 жылғы 26 тамыздағы № 365 бұйрығына өзгерістер енгізу	ККМ бұйрығы	ККМ, «ҰАТ» АҚ (келісім бойынша)	2013 жылғы 2-тоқсан	Талап етілмейді	
11.	АКТ, оның ішінде, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарын әзірлеу және бекіту	ИЖТМ, ТРМК бұйрығы	ККМ, ИЖТМ	2012-2014 жылдарғы 4-тоқсан	2012 - 48 055 2013 - 36 000***	001
«Цифрлық телерадио хабарларын таратуды дамыту» бағыты бойынша						
12.	«Телерадио хабарларын тарату туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Заң жобасы	БАМ	2011 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
13.	«Кейбір заңнамалық актілерге телерадио хабарларын тарату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Заң жобасы	БАМ	2011 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
14.	Эфирлік хабарлар таратудың цифрлық стандарттарына көшуді есепке ала отырып, телевизиялық және/немесе радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	ҚРҰ-ге ақпарат	ККМ, МАМ	2010-2014 жылдарғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
15.	Қазақстан Республикасында эфирлік цифрлық хабарлар таратудың жер үсті желісінің жиілікті-аумақтық жоспарын әзірлеу	БАМ бұйрығы	БАМ, Қорғанысмині	2010 жылғы 4-тоқсан	99 850*	001
«Интернет желісінің қазақстандық сегментін дамыту» бағыты бойынша						
16.	Электрондық ақша мен электрондық коммерция саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу	ҚРҰ-ге ақпарат	ЭДСМ, ККМ, ҰБ (келісім бойынша), «ҚИҚ» ЗТБ (келісім бойынша)	2011-2013 жылдарғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
	Интернеттегі зияткерлік меншік және авторлық құқықты қорғау,					

17.	дербес мәліметтерді, оның ішінде биометриялық дербес мәліметтерді қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Әділетминіне ұсыныс	МАМ, ИЖТМ, ККМ, ПМ, «ҚИҚ» ЗТБ (келісім бойынша)	2011-2012 жылдарғы 4-тоқсан	Талап етілмейді
18.	Интернет желісіндегі қоғамдық қатынастар мен БАҚ-тың қызметін реттеудің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу	ҚРҰ-ге ұсыныс	МАМ, ККМ, «ҚИҚ» ЗТБ (келісім бойынша)	2011-2012 жылдарғы 4-тоқсан	Талап етілмейді
19.	Ақпараттық технологияларды қолдану және мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта көрсету сапасы бойынша орталық мемлекеттік және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстар әзірлеу	ПӘ-ге ұсыныс	ККМ	2012 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді
«Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және ІТ-қызметтер секторын дамыту» бағыты бойынша					
20.	Қазақстанның ІТ-саласын дамыту бөлігінде «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамасын әзірлеу	Заң жобасының тұжырымдамасын ВАК карауына енгізу	ККМ, ИЖТМ, «АТКҚҚ» ЗТБ (келісім бойынша), «ҚИҚ» ЗТБ (келісім бойынша)	2012 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді
21.	Мемлекеттік сатып алу қатысушысын конкурс тәсілімен іріктеу кезінде сапа және функционалдық толықтылық критерийлеріне қойылатын талаптарды нақтылау бөлігінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу	Қаржыминіне ұсыныс	ККМ, «АТКҚҚ» ЗТБ (келісім бойынша)	2011-2012 жылдарғы 4-тоқсан	Талап етілмейді
22.	Ауқымды және кешенді ақпараттық жүйелерді құру, пайдалану кезінде көпжылдық келісім шарттарды жасасуды (3 жылдан артық емес) тәжірибеге енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу	ҚРҰ-ге ұсыныс	БАМ, ЭДСМ, ИЖТМ, «АТКҚҚ» ЗТБ (келісім бойынша)	2011 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді

23.	«Алатау» АТП АЭА-да жер пайдалану құқығы үшін жалға алу төлемдерін төлеуді жою бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу	ҚРҰ-ге ұсыныс	ИЖТМ, БАМ	2010 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді
24.	Салалық қауымдастықтардың ІТ-жобаларын іске асыруына кепілдік беру тетігін әзірлеу және енгізу	ҚРҰ-ге ұсыныстар	БАМ, ИЖТМ, «АТКҚҚ» ЗТБ (келісім бойынша)	2011 жыл	Талап етілмейді
25.	ІТ-жобаларын іске асыру бойынша ТЭН, ТТ, техникалық ерекшеліктерге тәуелсіз сараптаманы жүзеге асыруға ұсынымдар әзірлеу	ЭДСМ-ге ұсыныстар	БАМ, ИЖТМ, Қаржымині, «ҚИҚ» ЗТБ (келісім бойынша), «АТКҚҚ» ЗТБ (келісім бойынша)	2011 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді
26.	Қазақстандық камтудың үлесін көрсету қажеттілігі бөлігінде ІТ-жобалары бойынша конкурстық құжаттамаларға ТТ және техникалық ерекшеліктерді дайындауға қойылатын қосымша талаптар жөнінде ұсыныстар әзірлеу	ҚРҰ-ге ұсыныс	БАМ, Қаржымині, ИЖТМ	2011 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді
27.	Мемлекет 100 % қатысатын акционерлік қоғамдар мен ЖШС-нің қызметін бәсекелі нарықта шектеу бойынша тетіктер әзірлеу	ҚРҰ-ге ұсыныс	БАМ, БҚА, «АТКҚҚ» ЗТБ (келісім бойынша)	2011 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді
28.	Импорт алмастыру шеңберінде отандық ақпараттық өнімдерге кепілді тапсырыс беруді қалыптастыру бойынша тетіктерді әзірлеу	ҚРҰ-ге ұсыныс	БАМ, ИЖТМ, ЭДСМ, ҚМ, «Зерде» АҚ (келісім бойынша), «АТКҚҚ» ЗТБ (келісім бойынша)	2011 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді
29.	Ақпараттық жүйелерді құруға, дамытуға және сүйемелдеуге нормативтерді әзірлеу және бекіту	БАМ бұйрығы	БАМ, «АТКҚҚ» ЗТБ (келісім бойынша)	2010 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді
30.	Мемлекет 100 % қатысатын мемлекеттік органдар мен компаниялардың ІТ-қызметтерін аутсорсингке және коммерциялық нарыққа шығару жөнінде ұсыныстар әзірлеу	ҚРҰ-ге ұсыныс	ККМ, мемлекет 100 % қатысатын кәсіпорындар	2011-2012 жылдарғы 4-тоқсан	Талап етілмейді
	Біліктілігі жоғары шетелдік ІТ-мамандардың және микроэлектроника мен жоғары				

31.	технологиялық жабдықтар саласындағы мамандардың Қазақстанға кіруі және оларды жұмысқа жалдау қағидаларын оңайлату жөнінде ұсыныстар әзірлеу	ҚРҰ-ге ұсыныс	Еңбекмині, ПМ, Әділетмині, ИЖТМ, ККМ	2010-2012 жылдарғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
32.	Экспортқа жұмыс істейтін отандық IT-компанияларды қазақстандық кредиттерді шет мемлекеттерге ұсынғанда тапсырыстарды алу бойынша қолдау жөніндегі шараларды әзірлеу	ҚРҰ-ге ұсыныс	ККМ, ИЖТМ, ЭДСМ	2011-2012 жылдар	Талап етілмейді	
33.	Шетелдік компанияларға ірі тапсырыстар ұсынған кезде АКТ жобаларға офсетті мәмілелерді іске асыру жөнінде шаралар әзірлеу	ҚРҰ-ге ұсыныс	ИЖТМ, ЭДСМ, Қаржымині, БАМ	2010-2011 жылдарғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
«Жоғары технологиялық жабдықтың отандық өндірісін дамыту» бағыты бойынша						
34.	Отандық компьютерлік-коммуникациялық жабдықты сатып алуға кепілді тапсырыстар қалыптастыру бойынша тетіктер әзірлеу	ҚРҰ-ге ұсыныс	ККМ	2011-2012 жылдар	Талап етілмейді	
«Ақпараттық коммуникациялар саласында білім беруді дамыту» бағыты бойынша						
35.	ТжКБ-ның жаңа мамандықтарын енгізу бөлігінде АКТ саласында білім берудің мемлекеттік стандарттарын жетілдіру	БҒМ-ға ұсыныстар	БҒМ, БАМ	2011 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
36.	Ақпараттық коммуникация саласындағы басшылардың, мамандардың және өзге қызметкерлер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлеу	ККМ бұйрығы	ККМ, БҒМ, Еңбекмині	2014 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
37.	Ақпараттық коммуникация мамандықтары бойынша біліктіліктің салалық шеңберін әзірлеу	ККМ бұйрығы	ККМ, Еңбекмині, БҒМ, «Зерде» АҚ (келісім бойынша), «АТКҚҚ» ЗТБ (келісім бойынша)	2013 жылғы 4-тоқсан	12 161***	001
38.	Жаңа қажетті ақпараттық коммуникация мамандықтары бойынша кәсіби стандарттарды әзірлеу	ККМ бұйрығы	ККМ, Еңбекмині, БҒМ, «Зерде» АҚ (келісім бойынша), «АТКҚҚ» ЗТБ (келісім бойынша)	2013 жылғы 4-тоқсан	2013 - 7 414***	001

39.	IT саласында ҒЗТҚЖ-ны дамытуды ынталандыру бөлігінде заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу	ҚРҰ-ге ұсыныс	КҚМ, БҒМ, ИЖТМ, «Зерде» АҚ (келісім бойынша)	2013 жылғы тоқсан	4-	Талап етілмейді
«Электрондық қызметтер мен «электрондық үкіметті» дамыту» бағыты бойынша						
40.	«Әскери міндет және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының тұжырымдамасын әзірлеу	Заң жобасының тұжырымдамасын ВАК қарауына енгізу	Қорғанысмині	2011 жылғы тоқсан	3-	Талап етілмейді
41.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу:	ҚРҰҚ	БМ	2011 жылғы тоқсан	4-	Талап етілмейді
	«Электрондық ақпараттық ресурстарды мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарына орналастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 13 шілдедегі № 598 қаулысы					
	«Қазақстан Республикасында азаматтық хал актілері жазбаларын өзгерту, қалпына келтіру және жою туралы ережені, азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарының нысандарын және осы кітаптардағы жазбалардың негізінде берілетін куәліктердің нысандарын және Қазақстан Республикасында азаматтық хал актілерін тіркеу тәртібі туралы ережелерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 мамырдағы № 620 қаулысы					
	«Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі № 1063 қаулысы		ПМ	2011 жылғы тоқсан	4-	
42.	Мемлекеттік қызметте «электрондық үкіметтің» және электрондық қызметтердің сервисіне міндетті оқу өткізу бөлігінде нормативтік құқықтық	ҚРҰ-ге ұсыныс	МҚА (келісім бойынша), БҒМ	2010-2012 жылдардың 4-тоқсаны		

	актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу				Талап етілмейді		
43.	Мемлекеттік органдардың өздерінің құзыретіне кіретін электрондық мемлекеттік қызметтерін көрсетуін қамтамасыз ету мерзімдерін әзірлеу және бекіту	ҚРҰҚ	БАМ, ЭДСМ (келісім бойынша), МҚА, Халыққа және бизнес секторына қызмет көрсететін МО	2010 жылғы тоқсан	4-	Талап етілмейді	
44.	Электрондық мемлекеттік қызметтерді ұсыну стандарттарын сипаттауға қойылатын талаптар бөлігінде «Мемлекеттік қызмет көрсетудің типтік стандартына» өзгерістер енгізу	ҚРҰҚ	ЭДСМ, БАМ	2010 жылғы тоқсан	4-	Талап етілмейді	
45.	Электрондық мемлекеттік қызметтің типтік регламентін әзірлеу және бекіту	ҚРҰҚ	БАМ	2010 жылғы тоқсан	4-	Талап етілмейді	
46.	Электрондық мемлекеттік қызметтерді көрсету регламенттері	МО бұйрықтары	Мүдделі МО***	2011-2014 жылдардың 4-тоқсаны		Талап етілмейді	
47.	Ақпараттық коммуникация саласындағы терминдердің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі түсіндірме сөздігін әзірлеу	Сөздік	ККМ, МАМ, «Зерде» АҚ (келісім бойынша)	2012 жылдың тоқсаны	4-	10 013	001
48.	IT-жобалардың ерекшеліктерін есепке ала отырып, БИЖ ТЭН-ін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптаманы жүргізу талаптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу (ЭДСМ-нің 2010 жылғы 1 шілдедегі № 102 және ҚТҰКША-ның 2010 жылғы 30 маусымдағы № 276 бірлескен бұйрығымен бекітілген)	ҚРҰ-ге ұсыныс	ККМ, ЭДСМ	2012 жылғы тоқсан	4-	Талап етілмейді	
49.	МО қызметтерін жүзеге асыру кезінде МОИП сервистерін пайдалануды регламенттеу бойынша ұсыныстар әзірлеу	ҚРҰ-ге ұсыныс	ККМ	2012 жылғы тоқсан	4-	Талап етілмейді	
50.	Автоматтандыруға жататын мемлекеттік органдардың функцияларының (үдерістерінің) тізбесін белгілеу	ҚРҰ-ге ақпарат	ККМ, «ҰАТ» АҚ (келісім бойынша), МО және ЖАО	2012 жылғы тоқсан	2-	18 725	039
51.	«е-Қаржы мині» ықпалдастырылған автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру» жобасын іске асыру барысында алынған мемлекеттік	ҚРҰ-ге ақпарат	Қаржымині, ККМ, «Зерде» АҚ (келісім бойынша), «			Талап етілмейді	



